

**Қарағанды облысы білім басқармасының  
Қарқаралы ауданы білім бөлімінің Сарыобалы ауылы  
«№34 негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**Қарағанды облысы білім басқармасының  
Қарқаралы ауданы білім бөлімінің  
Сарыобалы ауылы  
«№34 негізгі орта мектебі» коммуналдық  
мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау  
нәтижелері туралы қорытынды**

**2024 жыл**

**Қарағанды облысы білім басқармасының  
Қарқаралы ауданы білім бөлімінің  
«№34 негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі  
бағалау туралы есебі**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығымен Қарағанды облысы білім басқармасының Қарқаралы ауданы білім бөлімінің «№34 негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Қарағанды облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің білім саласында қамтамасыз ету комитеті» РММ-нің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығы негізінде өзін-өзі бағалау жүргізілді.

Өзін-өзі бағалауды мектеп басшысының 2024 жылғы 29 тамыздағы №39 бұйрығымен бекітілген өзін-өзі бағалау комиссиясы төмендегі құрамда құрылды:

<https://krguo.edu.kz/loader/fromorg/418/8378>

Комиссия төрағасы – Н.А.Ныгманов - директор

А.Б.Абдуалиева – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

М.КИскакова – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Б.Ж.Альжанова-шаруашылық меңгерушісі

А.С.Ахметжанова - ҰБДҚ жауапты

М.Т.Кобеева- Білім ал бойынша жауапты

М.Н.Мамытова – хатшы, кеңсе іс - қағаздарын жүргізуші

### **1. Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы**

#### **Білім беру ұйымының толық атауы:**

Қарағанды облысы білім басқармасының Қарқаралы ауданы білім бөлімінің «№34 негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное учреждение «Основная средняя школа №34» отдела образования Каркаралинского района управления образования Карагандинской области.

Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: индекс 100805, Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Қ.Аманжолов ауылдық округі, Сарыобалы ауылы, Құрылыс 41

Место нахождения государственного учреждения: 100805 индекс, Карагандинская область, Каркаралинский район, К.Аманжоловский сельский округ, село Сарыобалы, улица Строение 41

Занды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта):

Байланыс телефоны: **87214634248, 87777238707**

электрондық пошта:**34negizgiortamektep@mail.ru**

**web-сайт:** [https://krguo.edu.kz/loader/fromorg/418\\_oss34klk.edu.kz](https://krguo.edu.kz/loader/fromorg/418_oss34klk.edu.kz) - аймағындағы үшінші деңгейдегі домендік атау

**Занды тұлға өкілінің байланыс деректері** (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі):

Ныгманов Нуржан Амангелдыевич - директор, Қарқаралы ауданы білім бөлімінің мемлекеттік мекемесі 08.01.2018 жылғы № 03 бұйрығы негізінде лауазымға тағайындалған. Телефон - 8(721-46) 34248

«Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама», берілген күні 19 қаңтар 2021 жыл (алғашқы тіркелген күні 11 қараша 2002 жыл). Бизнес сәйкестендіру номері 021140004230.

<https://krguo.edu.kz/loader/fromorg/418/8293>

Мектеп жарғысы: «Қарағанды облысы экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «ережесін бекіту туралы» Қарағанды облысы әкімдігінің 2018 жылғы 7 тамызындағы №41/02 қаулысына сәйкес, және «Қарағанды облысының экономика басқармасы» ММ басшысының 2021 жылғы «08» қаңтардағы №33 бұйрығына қосымша, «Қарағанды облысының білім басқармасы» ММ-нің 19.01.2021 жылғы №3 бұйрығымен бекітілген.

<https://krguo.edu.kz/loader/fromorg/418/8291>

«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Қарағанды облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» Мемлекеттік мекемесінің Білім беру қызметі лицензия 12.03.2021 жыл №KZ06LAA00025410, «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Қарағанды облысының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» Мемлекеттік мекемесі Білім беру қызметімен айналысу үшін лицензияға қосымша; 12.03.2021 жыл №KZ06LAA00025410.

<https://krguo.edu.kz/index/fromorg/418/8282>

Қарағанды облысының әкімдігінің 19 қаңтар 2021 жылғы №05/01 қаулысымен мектеп атауы Қарағанды облысы білім басқармасының Қарқаралы ауданы білім бөлімінің «№34 негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып өзгертілді.

Мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдік берілген құқықты іске асыру азаматтардың тегін орта білім алуына белгіленген жалпыға міндетті білім беру стандарттары;
2. негізгі орта білім беру бағдарламаларын сапалы меңгеруді қамтамасыз ету;
3. мәдениеті жоғары интеллектуалды тұлғаны қалыптастыру, қоғамдағы өмірге бейімделген, саналы түрде таңдауға дайын тереңдетілген және кеңейтілген білім беру бағдарламаларын игеру;
4. оқушыларды бағдарланған пәндер бойынша даярлау.

Өз мақсаттарына жету үшін мемлекеттік мекеме

келесі қызмет түрлері: бастауыш, негізгі орта білім беру. Мекеме білім беру қызметтерін көрсетеді мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту салалары (шағын орталық, мектепалды сыныбы). Қызметтің барлық түрлері рәсімдерді орындағаннан кейін көрсетіледі

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы № 202

«Рұқсаттар мен хабарламалар».

Оқыту тілі мемлекеттік тіл болып табылады.

Мемлекеттік мекеменің жұмыс режимі қағидалармен белгіленеді

ішкі еңбек тәртібі және нормаларға қайшы келмеуі тиіс

Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы. Мектепте бес күндік оқу,

сенбі мен жексенбіден басқа.

Жұмыс уақыты сағат 8.00 - ден 19.00-ге дейін.

Жалпыға бірдей оқыту мәселесі бойынша: алфавиттік кітап, бұйрықтар кітабы оқушылардың қозғалысына, кету / келу талондары, оқушылардың жеке істері, табельдер оқу үлгерімі, сондай-ақ курсты аяқтау туралы куәліктерді есепке алу және беру кітаптары негізгі орта мектеп, есепке алу оқуды аяқтағаны туралы аттестаттар беру кітабы. Бұл құжаттар сәйкес жүргізіледі міндетті құжаттар тізбесін бекіту туралы «бұйрықтың мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтарының жүргізуі үшін, орта, арнайы, қосымша, техникалық және кәсіби, және олардың нысандары» 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130.Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 6 сәуірде тіркелді 2020 жылғы № 20317.

## 2. Кадрлық құрамға талдау

### 2.1 педагог кадрлармен жасақталғандығы туралы мәліметтер

2022-2023 оқу жылында штаттық кестеге сәйкес мектепте біліктілік талаптарына сай 16 мұғалім жұмыс істеді, оның ішінде директор – 1, директордың оқу - тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – 0,5, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары -0,5 , педагог-психолог – 1, тәлімгер – 0,5, пән мұғалімдері –15.

2023-2024 оқу жылында штаттық кестеге сәйкес мектепте біліктілік талаптарына сай 16 мұғалім жұмыс істеді, оның ішінде директор – 1, директордың оқу - тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – 1, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – 1, (0,5 мөлшерлемеден) педагог-психолог – 1 , (0,5-1ст мөлшерлемеден, пән мұғалімдері – 14

### Педагог кадрлармен жасақталғандығы туралы мәліметтер

#### Педагогтердің дипломының түпнұсқасының расталғандығы туралы мәлімет

р/с	Педагогтың аты-жөні	Туған күні, айы, жылы	лауазымы	Жоғары білім диплом № және күні, бойынша мамандық	Жоғары білімнің берілген оқу орны	Мұрағаттық анықтама № және күні
1	Ныгманов Нуржан Амангелдыевич	21.05.1984	директор	Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті Гегорафия бакалавры	ЖББ0004448 24.06.2005 №455	№2.1-15/2710 24.05.2023
2	Абдуалиева Асем Байгазиевна	17.12.1974	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті Биология бакалавры	ЖБ №0026022 27.06.2008 №77	№2.1-15/2710 24.05.2023
3	Искакова Майра Капановна	15.04.1967	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	ЖММ «Болашақ академиясы» Педагогика және психология бакалавры	ЖБ-Б1022872 28..03.2017 №9414	№06/2194 27.04.2023
4	Ахметжанова Айнұр Серікбайқызы	20.09.1984	Тәлімгер	Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті	ЖБ0591439 21.06.2005 №22	№2.1-15/2710 24.05.2023

			Музыка пән мұғалімі	Педагогика және бастауыш оқыту әдістемесі Нұр Ал Астана ЖШС қайта даярлау курсы	01140200 25.08.2023ж №002977	
5	Альжанова Батес Жаксыбаевна	05.08.1971	Кітапханашы	Тәттімбет атындағы қарағанды колледжі Кітапхана ісі өнер	КОБ№0176622 21.06.2008 №1172	
4	Әбдікәрім Төлеу Жаксыбергенқызы	23.11.1979	Қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі	Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті Қазақ тілі мен әдебиеті	ЖБ 0130918 28.06.2000 №48	№2.1-15/2710 24.05.2023
5	Кобеева Махаббат Толегеновна	27.04.1988	Қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі	Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті Қазақ тілі мен әдебиеті бакалавры	ЖБ№0087333 29.06.2010 №21	№2.1-15/2710 24.05.2023
6	Садвакасова Жанна Ашимовна	10.03.1972	Орыс тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі	Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті Орыс тілі мен әдебиеті	ЖББ0689505 13.05.2006 №707	№2.1-15/2710 24.05.2023
7	Ташибаева Мадина Биржановна	30.10.1987	Шетел тілінің мұғалімі	Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті Шетел тілі бакалавры	ЖББ№0088400 24.05.2011 №36	№2.1-15/2710 24.05.2023
8	Тусупбекова Маржан Оралхановна	22.06.1990	Тарих пәнінің мұғалімі	Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті Тарих бакалавры	ЖББ0052903 26.06.2014 №10	№2.1-15/2710 24.05.2023
9	Оңгарбаева Элмира Амирхановна	30.12.1975	Математика пәнінің мұғалімі	Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті Математика оқытушысы	ЖБП№0141354 23.04.1997 №49	№2.1-15/2710 24.05.2023
10	Смағұлова	28.10.1991	Информатика пән мұғалімі	Саран гуманитарлық-	ТКБ№1506239 26.06.2020	№2-2-12/539 19.06.2023

	Айнұр Мұратбекқызы			тезникалық колледжі Информатика мұғалімі	№2852	
11	Түсіпова Құралай Бекешқызы	25.12.1976	Денешынықтыру мұғалімі, Көркем еңбек мұғалімі	1.Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті Бастапқы әскери дайындық және денешынықтыру мұғалімі  2. Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті Визуалды өнер,көркем еңбек,графика және жобалау	АЖБ№ 0011784 29.06.2008 №149  ВД00004916524 08.06.2024 №326	№2.1-15/2710 24.05.2023
12	Садвакасов Берныс Толеханович	07.01.1970	Денешынықтыру мұғалімі	Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті Дене мәдениеті және спорт	ЖБ0592054 28.04.2005 №038	№2.1-15/2710 24.05.2023
13	Садуакасова Ботакоз Серикбаевна	24.04.1976	Бастауыш сынып мұғалімі	Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі	ЖББ0063521 07.06.2014 №06	№2.1-15/2710 24.05.2023
14	Райымбекова Самал Сагатовна	19.11.1972	Бастауыш сынып мұғалімі	Қарағанды педагогикалық институты Бастауыш оқытудың педагогикасы және методикасы	ЖБІП№0023840 24.06.1994 №140	№2.1-15/2710 24.05.2023
15	Жолдасбекова Гульден Магазқызы	23.10.1974	Бастауыш сынып мұғалімі	Болашақ академиясы Қарағанды облысы Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі	ЖБ-Б№1545967 27.05.2020 №11243	№06/2194 27.04.2023
16	Ахмет Саягул Тілеубекқызы	31.07.1978	Бастауыш сынып мұғалімі	Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі	ЖБ 0593009 21.05.2005 №20	№2.1-15/2710 24.05.2023

17	Нысанбаева Ансаган Зарухановна		Тәрбиеші	Қарағанды қаласы «Болашақ академиясы» Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	ЖБ-Б№1163087 27.04.2018 №96	№06/2194 27.04.2023
18	Тусупбеова Гульден Саятовна	21.05.1987	Тәрбиеші	Қарағанды қаласы «Болашақ академиясы» Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	ЖБ-Б№1281911 22.04.2019 №10954	Сұраныс берілді
19	Қайыркенқызы Майя	17.08.1984	Көмекші тәрбиеші	Саран мемлекеттік гуманитарлық колледжі	ОАБ0373742 27.06.2005 №2770	Сұраныс берілді
20	Мамытова Меруерт Н	14.10.1996	Іс жүргізуші	Қарағанды политехникалық колледжі	ТКБ0772334 26.06.2015 №7605	Сұраныс берілді

### Педагогтарда тану (кәсіптік қайта даярлау) туралы куәліктің болуы туралы мәлімет

№	Аты-жөні:	Лауазымы	Тану туралы куәлігі	Тану туралы куәлік бойынша оқытатын пәні
1	Ахметжанова Айнұр Серікбайқызы	Бастауыш сынып мұғалімі	27.02.2023-31.08.2023ж.ж. «Нұр Ал- Астана» ЖШС қайта даярлау курсының (864 сағат) 0983511 «Мектепке дейінгі, бастауыш және негізгі орта білім берудің музыка мұғалімі біліктілігі берілген. Куәлік: тіркеу №9760	Музыка пәні

### Педагогтарға біліктілік санаттарын беру/растау туралы мәлімет

р/с	Педагогтың аты-жөні	Лауазымы	Біліктілік санаты	Біліктілік санатты алған уақыты	Біліктілік санатына беру (растау) жіберілетін уақыты
1	Ныгманов Нуржан Амангелдыев ич	Мектеп директоры	Педагог-сарапшы /география/	29.12.2021 №209	29.12.2026
2	Абдуалиева Асем Байгазиевна	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, биология пәнінің мұғалімі	Үшінші біліктілік санатты басшының орынбасары  Педагог-сарапшы	05.06.2023 №124	05.06.2028

			/биология/	18.08.2020 №150	18.08.2025
3	Искакова Майра Капановна	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, педагог- психолог	Үшінші біліктілік санатты басшының орынбасары	20.06.2022 №113	20.06.2027
4	Ахметжанова Айнұр Серікбайқызы	Тәлімгер	Педагог- модератор	03.07.2024 №8	03.07.2029
5	Әбдікәрім Төлеу Жақсыбергенқызы	қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі	Педагог-сарапшы /қазақ тілі мен әдебиеті/		
6	Кобеева Махаббат Толегеновна	қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі	Педагог- модератор /қазақ тілі мен әдебиеті/	31.09.2023 №153	31.09.2028
7	Садвакасова Жанна Ашимовна	орыс тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі	Педагог- модератор /орыс тілі мен әдебиеті/	31.09.2023 №153	31.09.2028
8	Ташибаева Мадина Биржановна	шетел тілі пәнінің мұғалімі	Педагог- модератор /шетел тілі /		
9	Онгарбаева Элмира Амирхановна	Математика пәнінің мұғалімі	Педагог- модератор /математика/	31.09.2023 №153	31.09.2028
10	Садвакасов Берныс Толеуханович	Денешықтыру пәнінің мұғалімі	Педагог- модератор /денешынықтыру/	03.07.2024 №8	03.07.2029
11	Түсіпова Құралай Бекешқызы	Денешынықтыру пәнінің мұғалімі	Педагог- модератор /денешынықтыру /	31.09.2023 №153	31.09.2028
12	Жолдасбекова Гульден Магазқызы	Бастауыш сынып мұғалімі	Педагог- модератор /бастауыш сынып/	31.09.2023 №153	31.09.2028
13	Райымбекова Самал Сагатовна	Бастауыш сынып	Педагог- модератор /бастауыш сынып/	31.09.2023 №153	31.09.2028



14	Ахмет Саягүл Тілеубекқызы	Бастауыш сынып	Педагог-модератор /бастауыш сынып/	25.06.2024 №14	25.06.2029
15	Садуакасова Ботакоз Серикбаевна	Бастауыш сынып	Педагог-зерттеуші /бастауыш сынып/		
16	Тусупбекова Маржан Оралхановна	Тарих пән мұғалімі	Педагог		2024ж
17	Тусупбекова Гульден Саятовна	Тәрбиеші	Педагог	26.08.2024	2025ж

## 2.2 бағаланатын кезеңдегі штат кестесі және тарифтеу тізімі

<https://krguo.edu.kz/index/fromorg/418/8371>

Жоғары білімі бар 15 мұғалім, оның ішінде 4 бастауыш сынып мұғалімдері;  
Орта-арнайы білімі бар 2 мұғалім;

(Бағаланатын кезеңге педагогтарды тарифтеу тізімі мен штаттық кестесі қоса беріледі)

## 2.3 педагогтар туралы мәліметтер:

### Білімі бойынша мұғалімдердің сандық және сапалық құрамы

Білім	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы
Жоғары	14	15	15
Арнайы орта	2	1	1

2023-2024 оқу жылында мектепте келесі категориялары бар мұғалімдер жұмыс істейді:

-Педагог-зерттеуші: 0 педагог (0 %)

- Педагог-сарапшы: 5 педагог (31 %)

- Педагог-модератор: 7 педагог (43 %)

Мектептегі сапалы және білім деңгейі 31% құрайды.

Мектептегі жұмыс істейтін мұғалімдердің барлығында әр оқытатын пәнге сай мамандық бойынша дипломдары бар. Он төрт мұғалімнің, яғни қазақ тілі мен әдебиеті, бастауыш сынып , ағылшын тілі, биология, тарих, география, математика, дене шынықтыру пәндері мұғалімдері жоғары білім туралы дипломдарға ие, сондай ақ, қосымша оқытатын пәндері бойынша педагогтар қайта даярлау курстарынан өткен. Қазіргі уақытта оқытатын пәндері бойынша сәйкестік сертификаттары бар.

Биология пәні мұғаліміне 03.03 2023 жылы № 06231p7g біліктілігін беру туралы сертификат негізінде «Химия пәнінің мұғалімі» біліктілігі тағайындалды.

Информатика пәнінің мұғаліміне 26.10.2023 жылы № 010239 біліктілігін беру туралы сертификаты негізінде "физика пәнінің мұғалімі" біліктілігі тағайындалды.

№	Педагогтың аты - жөні	Білімі, мамандығы	Қайта даярлау курсынан өтті	лауазымы
1	Абдуалиева Асем Байгазиевна	«Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ» РМК «510830 -Биология» мамандығы бойынша ЖБ №0026022 27.06. 2008ж берілген.	«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы әзірлеген «Жаратылыстану және химия мұғалімдерінің пәндік күзіреттерін дамыту» біліктілікті арттыру білім беру бағдарламасы бойынша 80 академиялық сағат көлемінде курсын аяқтады. 03.03 2023 жылы № 06231p7g	Химия пәнінің мұғалімі (5 сағат)
2	Смағұлова Айнұр Мұратбекқызы	Абай Құнанбаев атындағы Саран гуманитарлық-техникалық колледжі ТКБ №1506239 26.06.2020ж бітірген мамандығы информатика пәнінің мұғалімі	Мектептегі физика сабағы басымдықтар және жетілдіру стратегиялары тақырыбы бойынша 160 академиялық сағат көлемінде 26.10.2023 жылы № 010239 біліктілігін беру туралы сертификаты	Физика пәнінің мұғалімі (6 сағат)

**Мектептің тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі – 86% -ға теңеледі және 5 деген баллға сәйкес келеді.**

Мектеп педагогикалық кадрлармен толық қамтамасыз етілген. Мектептің кадрлық саясаты білім беру ұйымының миссиясына, мақсаттарына, міндеттеріне сәйкес айқындалған. Мектептің кадрлық саясатының мақсаты – мектептің қажеттіліктеріне, академиялық еркіндік пен тәуелсіздік саясатына, сондай-ақ заңнама талаптарына сәйкес кадрларды ұтымды пайдалану және дамыту. Саясатты табысты іске асыруға стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін өзгерістер енгізуге жол берілетін ұйымдық құрылым ықпал етеді.

2023-2024 оқу жылында педагогикалық кадрларға бос жұмыс орындары мен қажеттіліктер жоқ.

Алдыңғы жылдары 2022-2023 оқу жылы; ағымдағы 2023-2024 оқу жылында жұмысты қоса атқарушы мұғалімдер жоқ.

Мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігін дамыту, оларды заманауи ақпараттық кеңістікке бейімдеу және педагогикалық қызметкерлердің оқу процесінде

ақпараттық технологияларды қолдану бойынша педагогтарды курстық даярлау жүргізіледі. Нәтижесінде АКТ, сондай-ақ интернет – ресурстарды қолдана отырып ғылыми-зерттеу жобаларын әзірлеу арқылы сабақтар саны артты.

Біліктілікті арттыру озық сипатта болуы, педагогтің кәсіби-тұлғалық дамуын қамтамасыз етуі, оның кәсіби қасиеттері мен қабілеттерін үздіксіз жақсартуы тиіс. Жыл сайын қоғамның қазіргі педагогқа қойылатын талаптарын ескере отырып, педагогтардың білім беру қажеттіліктерін зерделеу, оқу жоспарын модульдік қалыптастыру арқылы курстық дайындықтың тиімділігі артып келеді.

Мектептің 2022-2024 жылдардағы кадрлық әлеуетін талдау көрсеткендей:

- Мектептің кадрлық құрамы жоғары білім деңгейімен сипатталады.
- Мектептің педагогикалық ұжымы тұрақты, педагогикалық қызметкерлердің негізгі бөлігін 13 жыл және одан жоғары жұмыс істеген мамандар құрайды.
- Педагог қызметкерлердің біліктілік санаттары сарапшы, модератор.
- Кадрлық әлеуетті дамыту мақсатында ынталандырушы қордың рөлін күшейту жөнінде шаралар қабылданды.
- Педагогикалық және басшы кадрларды аттестаттау мен біліктілігін арттырудың перспективалық жоспарына сәйкес педагогтер біліктілікті арттыру курстарында оқуын жалғастырады.
- Ғылыми жобалар бойынша дарынды оқушылармен жұмысты күшейту. Жобаларды жазу үшін Қарағанды қаласының жоғары оқу орындарымен ынтымақтастықты жандандыру.

#### **2.4 Мұғалімдердің педагогикалық еңбек өтілі бойынша сандық және сапалық құрамы**

Педагогикалық өтілі	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы
3 жылға дейін	1	-	-
3 жылдан 10 жылға дейін	-	1	-
10 жылдан 15 жылға дейін	2	3	3
15 жылдан 20 жылға дейін	6	5	6
20 жылдан 25 жылға дейін	4	2	3
25 тен жоғары	3	5	5
<b>Барлығы</b>	<b>16</b>	<b>16</b>	<b>17</b>

Соттылықтың жоқтығы туралы анықтамаға барлық педагог кадрлар ие, іс жүргізуші қызметкер жыл сайын есеп жүргізіп, жаңартып отырады. Сондай-ақ жұмысқа қабылдау кезінде жаңадан келген әрбір қызметкерден осы құжат талап етіледі. Жасалған шарт негізінде мектептің педагогикалық ұжымы жыл сайын Қарқаралы ауданындағы емханаларында медициналық тексеруден өтеді. 2023-2024 оқу жылының басына барлық 16 педагогтың жұмысқа рұқсаты және барлығының санитарлық кітапшалары бар.

Мектеп бойынша 2022-2024 жылдардан бастап педагогтардың біліктілігін арттырудың перспективалық жоспары жасалды, ол директор бекіткен педагогтарды қабылдау мен жұмыстан босатуды ескере отырып, жыл сайын жаңартылып отырады.

Сапалық құрамның осы бағытын талдай отырып, келесі жағдайды анық байқауға болады: сарапшы және модераторлардың жыл сайынғы өсуі.

<b>Педагогтарға біліктілік санаттарын беру/растау туралы мәлімет</b>					
<b>р/с</b>	<b>Педагогтың аты-жөні</b>	<b>Лауазымы</b>	<b>Біліктілік санаты</b>	<b>Біліктілік санатты алған уақыты</b>	<b>Біліктілік санатына беру (растау) жіберілетін уақыты</b>
1	Ныгманов Нуржан Амангелдыевич	Мектеп директоры	Педагог-сарапшы /география/	29.12.2021 №209	29.12.2026
2	Абдуалиева Асем Байгазиевна	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, биология пәнінің мұғалімі	Үшінші біліктілік санатты басшының орынбасары  Педагог-сарапшы /биология/	05.06.2023 №124  18.08.2020 №150	05.06.2028  18.08.2025
3	Искакова Майра Капановна	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, педагог-психолог	Үшінші біліктілік санатты басшының орынбасары	20.06.2022 №113	20.06.2027
4	Ахметжанова Айнұр Серікбайқызы	Тәлімгер	Педагог-модератор	03.07.2024 №8	03.07.2029

5	Әбдікәрім Төлеу Жақсыбергенқызы	қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі	Педагог-сарапшы /қазақ тілі мен әдебиеті/		
6	Кобеева Махаббат Толегеновна	қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі	Педагог- модератор /қазақ тілі мен әдебиеті/	31.09.2023 №153	31.09.2028
7	Садвакасова Жанна Ашимовна	орыс тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі	Педагог- модератор /орыс тілі мен әдебиеті/	31.09.2023 №153	31.09.2028
8	Ташибаева Мадина Биржановна	шетел тілі пәнінің мұғалімі	Педагог- модератор /шетел тілі /	27.09.2024 №23	27.09.2029
9	Онгарбаева Элмира Амирхановна	Математика пәнінің мұғалімі	Педагог- модератор /математика/	31.09.2023 №153	31.09.2028
10	Садвакасов Берныс Толеуханович	Денешықтыру пәнінің мұғалімі	Педагог- модератор /денешынықтыру/	03.07.2024 №8	03.07.2029
11	Түсіпова Құралай Бекешқызы	Денешынықтыру пәнінің мұғалімі	Педагог- модератор /денешынықтыру /	31.09.2023 №153	31.09.2028
12	Жолдасбекова Гульден Магазқызы	Бастауыш сынып мұғалімі	Педагог- модератор /бастауыш сынып/	31.09.2023 №153	31.09.2028
13	Райымбекова Самал Сагатовна	Бастауыш сынып	Педагог- модератор /бастауыш сынып/	31.09.2023 №153	31.09.2028
14	Ахмет Саягүл Тілеубекқызы	Бастауыш сынып	Педагог- модератор /бастауыш сынып/	25.06.2024 №14	25.06.2029
15	Садуакасова Ботакоз Серикбаевна	Бастауыш сынып	Педагог- зерттеуші /бастауыш сынып/		
16	Тусупбекова Маржан Оралхановна	Тарих пән мұғалімі	Педагог		2024ж
17	Тусупбекова Гульден Саятовна	Тәрбиеші	Педагог	26.08.2024	2025ж

## Педагогтардың санаттарының жыл сайынғы өсуі.

р/с	Санат	2022-2023	2023-2024	2024-2025
1	Педагог-модератор	3	5	10
2	Педагог-сарапшы	5	5	3
3	Педагог-зерттеуші	-	-	-

### 2.5 Басшылардың аттестаттаудан өткендігі туралы мәліметтер

Әкімшіліктердің аты жөні	Лауазымы	Санаты	Педагогикалық өтілі (жалпы)	Басқарушылықтағы еңбек өтілі
Ныгманов Нуржан Амангелдыевич	Директор	-	16	6
Абдуалиева Асем Байгазиевна	Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	үшінші	18	6
Искакова Майра Капановна	Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	үшінші	19	9

**2.6 Білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен конкурстар мен жарыстардың соңғы жылдардағы аудандық, облыстық, республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтардың жетістіктері:**

#### 2022-2023 оқу жылы

№	Байқаудың, олимпиаданың атауы	кезең	сынып	жеңімпаздар саны	Педагогтың аты-жөні
1	«Қасым оқулары» байқауы	аудандық	6,7	2	Әбдікәрім Т.Ж Ахметжанова А.С
2	Республикалық пәндер олимпиадасы	аудандық	5,8,9	2 2	Әбдікәрім Т.Ж Абдуалиева А.Б
3	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	республикалық	7	1	Әбдікәрім Т.Ж
4	«Қыран елім-Қазақстаным»	облыстық	5	1	Ахметжанова А.С

	С.Ақсұңқарұлы оқулары	облыстық	9	1	Әбдікәрім Т.Ж
5	«Алтын қыран-ерекше дарын иесі»	республикалық	7	1	Әбдікәрім Т.Ж
6	«Жас математик» олимпиадасы	аудандық	5	1	Онгарбаева Э.А
7	«Алтын сақа» олимпиадасы	аудандық	5,7	2	Онгарбаева Э.А
8	Республикалық «QAZBILIM»	Облыстық	9	1	Онгарбаева Э.А
9	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	республикалық	5,6,7,8,9	9	Онгарбаева Э.А
10	«Кенгуру-математика барлығы үшін» олимпиадасы	республикалық	5,6,7,8	7	Онгарбаева Э.А
11	Абай оқулары байқау	республикалық	2	1	Ахметжанова А.С
12	«Жұлдыз» ән байқауы	аудандық	6	1	Ахметжанова А.С
13	«Республикалық олимпиада» биология пәнінен	аудандық	6,7	2	Абдуалиева А.Б
14	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	республикалық	5,6,7,8	6	Абдуалиева А.Б
15	Республикалық олимпиада география пәнінен	республикалық	7	1	Ныгманов Н.А
16	«Жаратылыстану-математика» бағыттары бойынша олимпиада	аудандық	9	1	Абдуалиева А.Б
17	Алтын қыран	республикалық	6,9	2	Садвакасова Ж.А
18	«Бақытты балалық шақ» байқауы	аудандық	6	2	Райымбекова С.С

19	Халықаралық ПОНИ байқауы	халықаралық	2	1	Райымбекова С.С
20	«Мұқағали- мәңгілік жыр» байқауы	республикалық	1	2	Райымбекова С.С
21	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	Республикалық	3	3	Ахмет С.Т
22	«Мың бала-2024»	республикалық	3	7	Ахмет С.Т
23	«Жыл -12 ай» байқауы	аудандық	2	1	Ахмет С.Т
24	«Қарлы қыс-2022»	аудандық	7	2	Садвакасов Б.Т
25	«Жауқазын гүл» аудандық қолөнер байқауы	аудандық	5	1	Түсіпова Қ.Б
26	«Зерде» республикалық зерттеу жобалар конкурсы	облыстық	3	1	Садуакасова Б.С
27	«Зерде» республикалық зерттеу жобалар конкурсы	аудандық	3	1	Садуакасова Б.С
28	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	республикалық	3	3	Садуакасова Б.С
29	«Жас математик» олимпиадасы	облыстық	4	1	Жолдасбекова Г.М
30	«Кенгуру- математика барлығы үшін» олимпиадасы	Республикалық	4	2	Жолдасбекова Г.М
31	«Бақытты балалық шақ» байқауы	аудандық	5	1	Кобеева М.Т
32	«Қасым оқулары» байқауы	Аудандық	6	1	Кобеева М.Т
33	«ПЕДСТАРТ»	Республикалық		1	Кобеева М.Т



### 2023-2024 оқу жылы

№	Байқаудың, олимпиаданың атауы	кезең	сынып	жеңімпаздар саны	Педагогтың аты- жөні
1	Республикалық жасөспірімдер олимпиадасы	аудандық	8	1	Әбдікәрім Т.Ж
2	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	республикалық	8	1	Әбдікәрім Т.Ж
3	Пәндер бойынша олимпиада	аудандық	8	1	Әбдікәрім Т.Ж
4	«Ауыл мектептерінің» республикалық олимпиадасы	республикалық	9	1	Әбдікәрім Т.Ж
5	«Мәшһүр Жүсіп» оқулары	республикалық	7,8	2	Т.Ж.Әбдікәрім
6	«Мұқағали оқулары»	республикалық	6,7,8	6	Әбдікәрім Т.Ж
7	М.Мақатаев оқуының аудандық кезеңі	аудандық	7	1	Әбдікәрім.Т.Ж
8	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	республикалық	5	1	Тусупбекова М.О
9	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	республикалық	7,8,9	5	Тусупбекова М.О
10	Республикалық олимпиада	облыстық	9	1	Тусупбекова М.О

11	«Тарих ата» республикалық	республикалық	6,9	3	Тусупбекова М.О
12	«Қарлы қыс-2024» спартакиадасы	облыстық		1	Түсіпова Қ.Б
13	«Қарлы қыс» спорттық жарыс	аудандық	4,6	5	Түсіпова Қ.Б
14	«Қарлы қыс» спорттық жарыс	аудандық	7,9	5	Садвакасов Б.Т
15	«Мың бала» олимпиадасы	аудандық	6	1	Онгарбаева Э.А
16	«Кенгуру- математика барлығы үшін» олимпиадасы	республикалық	6,7,8,9	7	Онгарбаева Э.А
17	«Ауыл мектептерінің» республикалық олимпиадасы	облыстық	9	1	Онгарбаева Э.А
18	«Республикалық олимпиада» биология пәнінен	аудандық	8	1	Абдуалиева А.Б
19	«Республикалық олимпиада» биология пәнінен	облыстық	8	1	Абдуалиева А.Б
20	«Кенгуру- математика барлығы үшін» олимпиадасы	Республикалық	2	3	Райымбекова С.С
21	«Мың бала-2024» олимпиада	республикалық	2	6	Райымбекова С.С.
22	«Сиқырлы тақта ғажайыптары»	аудандық	Шағын орталық	1	Нысанбаева А.З

23	«Абай оқулары» байқауы	республикалық	3	2	Ахмет С.Т
24	«Бақытты балалық шақ» байқауы	республикалық	3	2	Ахмет С.Т
25	«Зерде» республикалық зерттеу жобалар	Республикалық	3	1	Ахмет С.Т
26	Халықаралық ПОНИ байқауы	халықаралық	3	7	Ахмет С.Т
27	«Қарлы қыс-2023»	аудандық	5,6,7	9	Садвакасов Б.Т
28	«Қарлы қыс-2024»	аудандық	8	8	Садвакасов Б.Т
29	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	республикалық	4	5	Садуакасова Б.С
30	«Мақатаев оқулары» мәнерлеп оқу конкурсы	республикалық	4	4	Садуакасова Ж.А
31	«Мың бала-2024» олимпиада	республикалық	4	8	Садуакасова Б.С
32	Халықаралық ПОНИ байқауы	халықаралық	4	5	Садуакасова Б.С
33	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	республикалық	4	4	Жолдасбекова Г.М

34	«Мың бала-2024» олимпиада	республикалық	1	8	Жолдасбекова Г.М
35	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	республикалық	3,4,5,6,7, 8,9	17	Ташибаева М.Б
36	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	республикалық	5,6,7,8,9	9	Садвакасова Ж.А

## 2.7 Үш жылда бір рет басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер

Курс атауы	2022-2023	2023-2024	2024-2025
Пән бойынша курстардан өткен мұғалімдер саны	6	9	
Инклюзивті білім беру курстарынан өткен мұғалімдер саны	-	-	
Басшы кадрлардың курсы	2	2	

Мектепте үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі – 67% -ға теңеледі, ол (үш) деген баллға сәйкес келеді.

## 3. Білім алушылар контингенті

<https://krguo.edu.kz/loader/fromorg/418/8290>

### Сыныптардың толықтығы туралы мәліметтер:

Оқу жылы	2022-2023 (оқу жылының басында)	2023-2024 (оқу жылының басында)	2024-2025(оқу жылының басында)

Сыныптар саны	9	9	9
Барлық оқушылар саны	65	64	63
1-4 сыныптар	29	29	28
5-9 сыныптар	36	35	35
I ауысымда оқиды	30	32	36
II ауысымда оқиды	35	32	27
Сабақтың ұзақтығы (мин)/	45	45	45
1 сынып Сабақтың ұзақтығы (мин ) I/II жартыжылдық	Сатылай I тоқсан – 35 минут II тоқсаннан бастап 45 минуттан	Сатылай I тоқсан – 35 минут II тоқсаннан бастап 45 минуттан	Сатылай I тоқсан – 35 минут II тоқсаннан бастап 45 минуттан

Мектепте сынып топтарының (сыныптарының) толықтырылуының сәйкестігі (топтар/сыныптар бөлінісінде) – 100% -ға теңеледі, ол 5 (бес) деген баллға сәйкес келеді.

### 3.1 Білім алушылар контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер

Екі жыл ішінде сандық құрамы бойынша келесі өзгерістер байқалады:

2022 -2023 жыл		2023 -2024 жыл		2024-2025 жыл	
Оқу жылының басына	Оқу жылының соңында	Оқу жылының басында	Оқу жылының соңында	Оқу жылының басында	Оқу жылының соңында
65	64	64	63	63	

2022-2023 оқу жылының оқушылар саны														
Контингент құрылымы	МАД сыныбы	Бастауыш мектеп					Негізгі мектеп					Жалпы		
		1	2	3	4	1-4	5	6	7	8	9		5-9	
Сыныптар	1	1	2	3	4	1-4	5	6	7	8	9	5-9	10	

Оқушылар саны	8	7	7	9	6	<b>29</b>	12	6	6	5	6	<b>35</b>	<b>64</b>
Сынып жиынтығы	1	1	1	1	1	<b>4</b>	1	1	1	1	1	<b>5</b>	<b>10</b>
<b>2023-2024 оқу жылының оқушылар саны</b>													
Сыныптар	МАД сыныбы	1	2	3	4	<b>1-4</b>	5	6	7	8	9	<b>5-9</b>	<b>10</b>
Оқушылар саны	7	8	6	7	8	<b>29</b>	6	13	6	5	5	<b>35</b>	<b>64</b>
Сынып жиынтығы	<b>1</b>	1	1	1	1	<b>4</b>	1	1	1	1	1	<b>5</b>	<b>10</b>
<b>2024-2025 оқу жылының оқушылар саны</b>													
Сыныптар	МАД сыныбы	1	2	3	4	<b>1-4</b>	5	6	7	8	9	<b>5-9</b>	<b>10</b>
Оқушылар саны	7	7	8	6	7	<b>28</b>	7	6	6	6	5	<b>35</b>	63
Сынып жиынтығы	1	1	1	1	1	<b>4</b>	1	1	1	1	1	<b>5</b>	10

2022-2023 оқу жылы, 2023-2024 оқу жылы, 2024-2025 оқу жылдарында оқушылар санының тұрақтылығы байқалады. Мектеп әкімшілігі өз қызметінде азаматтардың білім алу құқықтарын іске асыру бойынша ҚР Білім саласындағы заңнамасын, нормативтік құжаттарды басшылыққа алады және азаматтардың білім алуға конституциялық құқықтарының сақталуына тұрақты бақылауды жүзеге асырады. Оқушыларды қабылдау e.bilimal.kz ақпараттық жүйе арқылы, ата-аналардың өтініші бойынша және мектеп директорының бұйрығы негізінде жүзеге асырылады, бұл бұйрықтар кітабында көрсетілген. Барлық кеткен және келген оқушыларда білім беру мекемелеріне қабылдау және кету туралы құжаттамалық растамалар бар. Оқушылар ҰБДҚ базасы арқылы қабылданып, шығарылады.

### 3.2 Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі;

<https://krguo.edu.kz/loader/fromorg/418/8290>

Қарағанды облысы білім басқармасының, «Қарқарлы ауданы білім бөлімі» ММ, «Сарыобалы аулының №34 негізгі орта мектебі» КММ-де оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына» сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 29 желтоқсан № 614 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген бұйрығы негізінде жүзеге асырылады. Білім беру процесін нормативтік құқықтық қамтамасыз ету, жыл сайын тиісті оқу жылының әдістемелік нұсқау хатындағы құжаттар тізбесі негізінде жүргізіледі. Оқу жұмыс жоспарлары, инвариантты және вариативті компоненттердің апталық және жылдық жүктемесі бар, білім беру салалары мен оқу пәндері көрсетілген, үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді. Оқу жұмыс жоспары, жыл сайын педагогикалық кеңестің отырысында талқыланады.

#### 2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫ

Шағын орталықта:

1-4 сыныптарда:

№	МА Д	1	2	3	4	Апталы қ	Жылдық
Инвариантты оқу жүктемесі	20	18,5	23	25	25	91,5	3275,5
Вариативтік компонент	-	1	1	1	1	4	143
Барлығы	-	19,5	24	26	26	95,5	3418,5

5-9 сыныптарда

№	5	6	7	8	9	Апталы қ	Жылдық
---	---	---	---	---	---	-------------	--------

Инвариантты оқу жүктемесі	28	28	31	32	33	152	5472
Вариативтік компонент	0,5	0,5	0,5	0,5	1	3	108
Барлығы	28,5	28,5	31,5	32,5	34	155	5580

Оқу жұмыс жоспары 2022-2023 оқу жылы

<https://krguo.edu.kz/loader/fromorg/418/8290>

### 2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫ

Шағын орталықта:

№	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Жас топтары	
		Ортаңғы топ (3 жастағы балалар)	Ересек топ (4 жастағы балалар)
1	Дене шынықтыру	Аптасына 3 рет	Аптасына 3 рет
	Дене шынықтыру	Күн сайын	Күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	Күн сайын	Күн сайын
3	Қазақ тілі	Аптасына 1 рет	Аптасына 1 рет
	Қазақ тілі	Күн сайын	Күн сайын
4	Математика негіздері	Күн сайын	Күн сайын
5	Сенсорика		
6	Қоршаған ортамен таныстыру	Күн сайын	Күн сайын
7	Сурет салу	Күн сайын	Күн сайын
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		



8	Музыка	Аптасына 1 рет	Аптасына 1 рет
	Музыка	Күн сайын	Күн сайын

1-4 сыныптарда:

№	МАД	1	2	3	4	Апталық	Жылдық
Инвариантты оқу жүктемесі	20	18,5	22	25	25	90,5	3058,5
Вариативтік компонент	-	1	2	1	1	5	169
Барлығы	20	19,5	24	26	26	95,5	3227,5

5-9 сыныптарда

№	5	6	7	8	9	Апталық	Жылдық
Инвариантты оқу жүктемесі	28	28	31	32	33	152	5168
Вариативтік компонент	0,5	0,5	0,5	0,5	1	3	102
Барлығы	28,5	28,5	31,5	32,5	34	155	5270

Оқу жұмыс жоспары 2023-2024 оқу жылы

<https://krguo.edu.kz/loader/fromorg/418/8290>

### 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫ

Шағын орталықта:

№	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ортаңғы топ (3 жастағы балалар)	Ересек топ (4 жастағы балалар)
1	Дене шынықтыру	Аптасына 3 рет	Аптасына 3 рет
	Дене шынықтыру	Күн сайын	Күн сайын

2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	Күн сайын	Күн сайын
3	Қазақ тілі	Аптасына 1 рет	Аптасына 1 рет
	Қазақ тілі	Күн сайын	Күн сайын
4	Математика негіздері	Күн сайын	Күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	Күн сайын	Күн сайын
6	Сурет салу	Күн сайын	Күн сайын
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Музыка	Аптасына 1 рет	Аптасына 1 рет
	Музыка	Күн сайын	Күн сайын

1-4 сыныптарда:

№	МАД	1	2	3	4	Апталық	Жылдық
Инвариантты оқу жүктемесі	20	18,5	22	25	25	90,5	3058,5
Вариативтік компонент	-	1	2	1	1	5	169
Барлығы	-	19,5	24	26	26	95,5	3227,5

5-9 сыныптарда

№	5	6	7	8	9	Апталық	Жылдық
Инвариантты оқу жүктемесі	28	28	31	32	33	152	5168
Вариативтік компонент	0,5	0,5	0,5	0,5	1	3	102
Барлығы	28,5	28,5	31,5	32,5	34	155	5270

### **3.3 ҮОЖ-ға сәйкес жүзеге асырылатын вариативті компоненттің таңдау курстары мен факультативтерін іске асыру.**

5-9 сыныптардағы үлгілік оқу жоспарларының вариативтік компоненті 5,6,7,8 сыныптарда 0,5 апталық сағат және 9 сыныпта аптасына 1 сағат жаһандық құзыреттіліктермен ұсынылған. Мұғалімнің ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлары, бағдарламалары және оларды жүргізу бойынша ұсыныстары бар. Осылайша, 5-9 сыныптардың вариативті компоненті жоспарларға сәйкес жүзеге асырылады.

#### **2022-2023 оқу жылы**

1-4 сыныптарда вариативті компоненттің сағаттары келесідей бөлінеді :  
"Қызықты математика", 1,2,3,4 сыныптарда аптасына 1 сағат.

5-9 сыныптардағы вариативті бөлім "жаһандық құзыреттілік" курстарымен ұсынылған.

5,6,7,8 сынып – "парасаттылық және этика", "азаматтық және патриотизм", "Медиа сауаттылық және қаржылық сауаттылық", "тіршілік қауіпсіздігі", "экологиялық мәдениет" – 0,5 сағаттан

9 сынып - "жаһандық құзыреттілік" - 1 сағат

Оқу жұмыс жоспарына сәйкес вариативті компоненттің сабақ кестесі жасалады. Мектеп директоры бекітеді.

#### **2023-2024 оқу жылы**

1-4 сыныптарда вариативті компоненттің сағаттары келесідей бөлінеді :  
"Ғажайып математика" 1,2,3,4 сыныптарда аптасына 1 сағат.

"Ұлттық ойындар" 2 сыныпта аптасына 1 сағаттан.

5-9 сыныптардағы вариативті бөлім "жаһандық құзыреттілік" курстарымен ұсынылған (аптасына 0,5 сағат). Курсқа мыналар кіреді:

5 – сынып - "парасаттылық және этика"

6-сынып - "Экология"

7-сынып - "эмоционалды интеллект және сыни ойлау"

8 сынып – "медиа сауаттылық"

9 – сынып - "Зайырлылық және дінтану негіздері" 1 сағат

### **3.4 "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсы оқу;**

#### **2022-2023 оқу жылы.**

"Өмір қауіпсіздік негіздері" интеграцияланған оқу курсы оқу міндетті болып табылады және жүзеге асырылады:

1-4 сынып "Дүниетану" пәні шеңберінде 1-3 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағат, 4 сыныпта – 10 сағат. Бастауыш сынып мұғалімдері жүргізеді

5-9 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 15 сағат болатын "дене шынықтыру" оқу пәні шеңберіндегі дәрісі өтеді. Дене шынықтыру мұғалімдері жүргізеді

### **3.5 "Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсына іске асыру.**

"Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұны 1-4 сыныптарда – әр сыныпта 6 сағаттан, сынып жетекшілері сынып сағаттары есебінен және сыныптан тыс уақытта сынып жетекшісінің жылдық жоспарында тақырыбы мен күнін көрсете отырып жүзеге асырылады. "Bilimal" электронды журналында көрсетілген.

5-8 сыныптарда "Жолда жүру ережелері" оқу курсы – әр сыныпта 10 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта "Bilimal" электронды журналында тақырыбы мен күнін көрсете отырып жүзеге асырылады.

Мектеп педагогтары жол қозғалысы ережелерін насихаттау және балалардың жол-көлік жарақаттарының алдын алу бойынша үнемі жұмыс жүргізеді. Оқушылар арасында онлайн-сауалнамалар, сауалнамалар, жол қозғалысы ережелерін білуге тестілеу жүргізіледі. Тұрақты негізде оқушылардың ата-аналары кездесулер ұйымдастырады. Жолдардағы қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтар өткізіледі. Ауылдық округтің учаскелік инспекторы шақырылады, ол әңгімелесулер жүргізеді, жол қозғалысы ережелерін сақтау бойынша түсініктемелер береді, жаяу жүргіншілер мен көлік құралдарының жүргізушілерінде туындауы мүмкін жағдайлар туралы әңгімелейді.

### **3.6 сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы демалыс уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау:**

2022-2023 оқу жылында сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына қойылатын талаптар дәл сақталды: 1-сыныптарда – 35 оқу аптасы, 2-9 сыныптарда – 36 оқу аптасы. Оқу жылының басталуы-2022 жылғы 1 қыркүйек, оқу жылының аяқталуы – 2023 жылғы 31 мамыр. Мектеп демалысының кестесі де сақталды: күз - 2022 жылғы 31 қазаннан 6 қарашаны қоса алғанда (7 күн); қыс-2022 жылғы 31 желтоқсаннан 2023 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда (9 күн); көктем – 2023 жылғы 18-26 наурыз аралығында (9 күн). 2023 жылғы 6-12 ақпан аралығында 1-сыныптағы қосымша демалыс (7 күн). Жазғы демалысқа мектеп оқушылары 2023 жылдың 1 маусымы мен 31 тамызы аралығында (92 күн) шықты. Осылайша, барлық мерзімдер орындалады.

2023-2024 оқу жылының ұзақтығы 34 оқу аптасын - 2-9 сыныптарды, 1 сыныпта 33 оқу аптасын құрайды. Оқу жылының басталуы 2023 жылғы 1 қыркүйек, оқу жылының аяқталуы 2024 жылғы 25 мамыр. Мектептегі оқу-тәрбие процесі Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 304 бұйрығына сәйкес жасалды.

### 3.7 Сабақ кестесі

<https://krguo.edu.kz/loader/fromorg/418/8290>

«Сарыобалы ауылының №34 негізгі орта мектебі» КММ-де «ҚР Оқу-ағарту министрінің Педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ерекшеліктерін айқындау қағидаларын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 153 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» 2022 жылғы 27 қыркүйектегі № 410 бұйрығының 2- тарауының 12-тармақшасына сәйкес 2022-2023 оқу жылы 5 күндік жұмыс режиміне ауысты. 2022-2023 оқу жылы; 2023-2024 оқу жылы, 2024-2025 оқу жылдарында «Сарыобалы ауылының №34 негізгі орта мектебі» КММ-де кабинет санына байланысты сабақтар 2 ауысымда өтеді.

2022-2023 оқу жылында 1, 4,7,8,9 сыныптары - I ауысымда, ал 2,3,5,6 сыныптары II ауысымда оқытылды.

2023-2024 оқу жылында 1, 4,7,8,9 сыныптары - I ауысымда, 2,3,5,6 сыныптары - II ауысымда оқытылды.

2024-2025 оқу жылында 1,2,7,8,9 сыныптары - I ауысымда, 2,3,5,6 сыныптары - II ауысымда оқытылуда.

2022-2023 оқу жылы; 2023-2024 оқу жылы, 2024-2025 оқу жылдарын қоса алғанда, оқу кестесі сабақ кестесіне қойылатын талаптарға сәйкес және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес құрастырылады. Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2018 жылғы 28 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-20 және ҚР ДСМ-76 бұйрығына сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілді) 2021 жылғы 5 тамыз). 2-9 сыныптарда сабақтың ұзақтығы 45 минуттан аспайды. Бірінші сыныптарда тәрбие сағаттарының «сатылы» режимі жүргізіледі: қыркүйекте – әрқайсысы 35 минуттан үш сабақ, қазан айынан бастап – әрқайсысы 45 минуттан, сабақтарда дене шынықтыру және көз жаттығулары жүргізіледі. Барлық оқушылар үшін сабақтар арасындағы үзіліс ұзақтығы 5 минуттан кем емес, екінші және төртінші сабақтардан кейін әрқайсысы 15 минуттан екі үзіліс беріледі. Өзгерістер таза ауа мен ашық ойындарды барынша пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Ауысымдар арасында ылғалды тазалау және желдету үшін 40 минут үзіліс беріледі. Үш жылдық сабақ кестесі «Білімал» электронды журналында берілген. Сабақ кестесін мектеп директоры бекітеді және ата-аналар комитетінің төрайымымен келісіледі.

#### 4. Оқу-әдістемелік жұмыс

**4.1 Білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарының, сабақ кестелерінің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының болуы және оларға сәйкестігі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларымен бекітілген**

" № 34 негізгі орта мектебі» КММ нің 2020-2023 жылдарға арналған мектепті дамыту бағдарламасына сәйкес , мектеп жарғысымен, 2022 жылғы 28 тамыздағы педагогикалық кеңестің №1 хаттамасымен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 27 шілдедегі № 368 бұйрығы негізінде мектептің жұмыс оқу жоспары қаралып, бекітілді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына және білім берудің барлық деңгейлеріндегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 20.08.2021 жылғы № 415 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (1-қосымша) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен (4-қосымша); негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (2019 жылғы 15 мамырдағы № 205 бұйрықпен Енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен); Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламалары (өзгерістермен және толықтырулармен); Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламалары (өзгерістермен және 2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрықпен енгізілген толықтырулармен); "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 3 сәуірдегі бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығы . Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен ("Зайырлылық және дінтану негіздері" пәні бойынша 2014 жылғы 15 шілдедегі № 281 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулармен бекітілген негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламалары негізінде Үлгілік оқу жоспары жасалды. Оқу жоспарында оқу жоспарының вариативті бөлігі таңдау курстарын, үйірмелерді ұйымдастыруға және элективті курстардың жұмысына бөлінеді:

- "Көркем жазайық" үйірмесі, 1 және 2 сыныптарда - 1 сағаттан
- "Сауатты жазайық", «Шешендік өнер» үйірмесі, 3 және 4 сыныптарда - 1 сағаттан
- «Көркем еңбек» пәні 1 сыныпта екі пәнге бөлінді: «Еңбекке баулу» және бейнелеу» 1-2 сыныптарда. 1-4 сыныптарда 1 сағаттан «Қызықты математика» таңдау пәндері. Зайырлылық және дінтану негіздері, 9-сынып-1 сағат
- 5-8 сыныптар аралығында «Жаһандық құзыреттілік» 0,5 таңдау курсының оқытуды жалғастыру;
- Ұлттық құндылықтар негізінде мектептің мәдени ортасын қалыптастыру;
- Балалар жылына арналған іс-шараларды өткізу;
- «Оқуға құштар мектеп», «Дебат қозғалыстары», «Мектеп парламенті», тағы басқа жобаларын іске асыру;
- «Мектеп-ата-ана консилиумы» мектеп-ата-ана қарым-қатынасының жаңа форматын енгізу;

#### **4.2 Білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру жөніндегі негізгі нормативтік құқықтық актілер**

2022-2023 оқу жылында білім беру процесін іске асыру кезінде мектеп Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы" Заңдарын және басқа да заңнамалық актілерді басшылыққа алады.

Оқыту процесі мынадай нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МБСҰ) (Қазақстан Республикасы Білім министрінің 2006 ж. 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348);

- «Бастауыш, негізгі орта білім беретін мектептердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру» (Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы);

«Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 26 қаңтардағы № 25 бұйрығы)

- «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығы)

- «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығы)

- «Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы жалпы білім беру ұйымдарына арналған элективті курстар мен таңдау пәндері» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы);
- «Білім алушылардың үлгерімінің ағымдағы мониторингінің, аралық және қорытынды аттестаттауының үлгілік ережесін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы);
- «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің тізбесін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 22 мамырдағы бұйрығы. № 216);
- «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы);

### **2022-2023 оқу жылында білім беру ұйымдары мынадай міндеттерді орындайды:**

- білім алушылардың білімін толықтыру;
- қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасымен қамтамасыз ету;
- білім алушыларға сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- цифрлық инфрақұрылыммен және ресурстармен жабдықтау;

Мектеп әр оқушының жеке ерекшеліктерін, білім беру қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін, жеке бейімділігін ескере отырып, оған бейімделгіш педагогикалық жүйені және әр баланың ақыл-ой, адамгершілік, эмоционалдық және физикалық дамуы үшін ең қолайлы жағдайларды жасау арқылы оқытуға, тәрбиелеуге және дамытуға бағыттайды.

Оқу-тәрбие процесі оқу жоспарларымен, оқу бағдарламаларымен, сондай-ақ тәрбие жұмысының жоспарларымен айқындалады, міндетті, оқу сабақтарының және оқушылардың сыныптан тыс жұмыстарының барлық түрлерін қамтиды.

1. Білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарының базалық құндылықтарға, МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім беру мақсаттарына сәйкестігі және болуы.

2. Жоспарларда білім алушыларға білім берудің барлық деңгейлері үшін ортақ болып табылатын және білім алушының мінез-құлқы мен іс-әрекетін ынталандыратын тұрақты тұлғалық бағдарларға айналуға арналған ұлттық жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған мектептің педагогикалық ұжымының жұмысы көрсетілген. Білім беру мазмұнындағы базалық құндылықтар ретінде қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, еңбек және шығармашылық, ашықтық, өмір бойы білім беру айқындалады, бұл МЖМБС талаптарына сәйкес келеді.

3. Мектептің жұмыс жоспарының форматы:

- «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізуі үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына сәйкес келеді.



"Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" ҚР БҒМ-нің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі №472 бұйрығына.

**2023-2024 оқу жылында** жұмыс оқу жоспары жалпы білім беретін мектептің үлгілік оқу жоспары негізінде жасалды, ол негізгі мемлекеттік нормативтік құжат болып табылады және мемлекеттік стандарттың негізгі бөлігін құрайды. Мектептің оқу жұмыс жоспарлары ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 406 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде әзірленді.

Мектептің оқу жоспарына түсінік хатты ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Үлгілік оқу жоспары негізінде жасалды: бастауыш білім беру үшін (2023 жылғы 25 тамыздағы № 264 өзгерістер мен толықтырулармен) , негізгі орта білім беру үшін (2022 жылғы 12 тамыздағы өзгерістер мен толықтырулармен № 365).

Мектеп шағын жинақталған және екі ауысымда жұмыс істейді. Оқыту тілі-қазақша. 9 сынып-жиынтықтар құрылды. Білім алушылардың оқу жүктемесінің көлемі 1-9 сыныптардағы бес күндік оқу аптасын ескере отырып, рұқсат етілген ең көп сағат санына сәйкес келеді.

Оқу жоспары 1-4 сыныптар үшін жаңартылған білім беру мазмұны үшін, қазақ тілінде оқытатын сыныптар үшін негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары бойынша 5-9 сыныптар үшін үлгілік оқу жоспары негізінде әзірленді.

Оқу жоспары инвариантты және вариативті бөліктерден тұрады. Инвариантты бөлім қазақ тілінде оқытатын оқу орындары үшін ҚР жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының орындалуын қамтамасыз етеді. Бастауыш мектептегі вариативті бөлім курспен ұсынылған Аптасына 1 сағаттан жүктемесі бар 1-4 сыныптарда «Ғажайып математика», 2-сыныпқа арналған "Ұлттық ойындар"және Негізгі орта мектептегі вариативті бөлім "жаһандық құзыреттілік" курсымен ұсынылған (5,8 сыныптар аптасына 0.5 сағат, 9 сынып-аптасына 1 сағат)."Жаһандық құзыреттілік" курсы жаһандық азаматтық құзыреттілігі бар бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруға, жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланысы мен өзара тәуелділігін түсінуге бағытталған.

Әр ауыспалы курс бойынша оқу жүктемесінің жалпы көлемі аптасына 1 сағатты құрайды. Оқу жоспарының вариативті бөлігінде таңдау пәні анықталды: 5-9 сыныптарға арналған" дене шынықтыру: спорттық ойындар " аптасына 1 сағат.

Оқыту бір тілде, яғни қазақ тілінде жүргізіледі:

Мектептің оқу жоспарын іске асыру тиісті біліктілігі бар мамандардың толық қажетті кадрларымен, оқу бағдарламаларымен, оқулықтармен, әдістемелік ұсынымдармен, дидактикалық материалдармен қамтамасыз етілген. Осы оқу жоспарының оқу жүктемесінің жалпы көлемі ҚР ДСМ 5.08.2021 жылғы№ ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына сәйкес келеді.

Оқу бағдарламаларының орындалуын бақылауды мектеп әкімшілігі әр тоқсан сайын жүзеге асырады. Тексеру нәтижелері бағдарламалық материалдың барлық пәндер бойынша ұзақ мерзімді жоспарлауға сәйкес орындалғанын көрсетті. Оқу жоспарларын іске асыру тиісті даярлық пен біліктілікке сәйкес педагог кадрлардың қажетті санымен, бағдарламалық-әдістемелік материалдардың қажетті санымен және оқу әдебиеттерімен қамтамасыз етіледі.

Оқу бағдарламасын орындау кезінде қайталауға бөлінген сағаттар есебінен оқу бағдарламаларының мазмұнын интеграциялауды ескере отырып, келесі күндерге ауыстырылған мереке күндеріне түскен сабақтар ескерілді. Мұғалімдердің оқу бағдарламаларының теориялық және практикалық бөлігін орындауы электрондық журналда қалыптасады, оқу бағдарламаларын талдау оқу сағаттарының жоспарлы және нақты көлемі бойынша толық объективті ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Осылайша, бастауыш, негізгі және орта білім берудің жұмыс оқу жоспарының оқу бағдарламаларын орындау толық көлемде жүзеге асырылады. Инвариантты компоненттің жалпы білім беретін пәндерінің базалық мазмұнын игеру жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Мектеп пен оқу компоненттерін таңдауды мектеп оқушылардың қажеттіліктері мен ата-аналардың сұраныстарын ескере отырып жүзеге асырады.

### 4.3 жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

2 жылдағы оқушылардың үлгерімі мен білім сапасы

Оқу үлгерімі-100%

Сыныптар/ оқу жылы/ % білім сапасы	1-4	5-9	Мектеп бойынша
<b>2022-2023</b>	77	71	74
<b>2023-2024</b>	72	65	67

**Қорытынды:** талдау 2023-2024 оқу жылында білім сапасының 7%-ға төмендегенін көрсетеді. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру және жетілдіру, мұғалімдердің пәндерді оқытудың жаңа әдістері мен технологияларын игеру, сабақтарда жұмыстың белсенді формалары мен әдістерін қолдану бойынша жұмыстар жүргізілуде. Себебі жақсы оқитын оқушылардың басқа мектептерге ауысуына байланысты.

#### 1-4 сыныптар пәндері бойынша білім сапасы

Пән	2022-2023 ж. Білім сапасы (%)	2023-2024 г. Қағым заний (%)
Қазақ тілі	86	90
Орыс тілі	81	82
Әдебиеттік оқу	91	82
Математика	77	67
Дүниетану	95	95
Әліппе. Сауат ашу		-

Шетел тілі	77	67
Жаратылыстану	91	95

#### 5-9 сыныптар пәндері бойынша білім сапасы

Пән	2022-2023 Қағуыу знаний (%)	2023-2024 Қағуыу знаний (%)
Қазақ тілі	83	79
Қазақ әдебиеті	83	82
Орыс тілі мен әдебиеті	80	82
Математика	63	67
Алгебра	81	75
Геометрия	81	75
Физика	81	75
Химия	81	75
Биология	93	81
География	81	81
Информатика	97	94
Жаратылыстану	89	89
Қазақстан тарихы	80	76
Дүние жүзі тарихы	80	73
Құқық негіздері	83	100
Шетел тілі	77	75

#### 4.4 Сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы демалыс уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау:

2022-2023 оқу жылында сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына қойылатын талаптар дәл сақталды: 1-сыныптарда – 35 оқу аптасы, 2-9 сыныптарда – 36 оқу аптасы. Оқу жылының басталуы-2022 жылғы 1 қыркүйек, оқу жылының аяқталуы – 2023 жылғы 31 мамыр. Мектеп демалысының кестесі де сақталды: күз - 2022 жылғы 31 қазаннан 6 қарашаны қоса алғанда (7 күн); қыс-2022 жылғы 31 желтоқсаннан 2023 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда (9 күн); көктем – 2023 жылғы 18-26 наурыз аралығында (9 күн). 2023 жылғы 6-12 ақпан аралығында 1-сыныптағы қосымша демалыс (7 күн). Жазғы демалысқа мектеп оқушылары 2023 жылдың 1 маусымы мен 31 тамызы аралығында (92 күн) шықты. Осылайша, барлық мерзімдер орындалады.

2023-2024 оқу жылының ұзақтығы 34 оқу аптасын - 2-9 сыныптарды, 1 сыныпта 33 оқу аптасын құрайды. Оқу жылының басталуы 2023 жылғы 1 қыркүйек, оқу жылының аяқталуы 2024 жылғы 25 мамыр. Мектептегі оқу-тәрбие процесі Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 304 бұйрығына сәйкес жасалды.

**5. Білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыруда** ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығына 2-қосымшасының 5тармағы (Бастауыш білім берудің жалпыға міндетті стандарты), 3қосымшасының 7, 12,17 - тармақтары (Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты), 4-қосымшасының 4,6 -тармағы (Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты) талаптарын орындауамыз.

2022/2023 оқу жылындағы тәрбие жұмысының жоспары

2023/2024 оқу жылындағы тәрбие жұмысының жоспары

2022/2023 оқу жылындағы тәрбие жұмысының талдауы

2023/2024 оқу жылындағы тәрбие жұмысының талдауы

<https://krguo.edu.kz/loader/fromorg/418/8325>

Мектептің тәрбие жұмысы әр оқу жылында өзінің проблемалық- бағдарлы талдауы бойынша мақсат-міндеттерін айқындай отырып жұмыс жасайды. Мектептің оқу-тәрбие жұмысын жүргізуде төмендегі мемлекеттік нормативтік актілерде белгіленген нормативтік-құқықтық құжаттарды басшылыққа алып жұмыс жасайды:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» заңы
- «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;
- «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы №345;
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген орта білім берудің (бастауыш,негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-ІҮ

- 2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы;
- «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы 2009 жылғы 4 желтоқсандағы №214- ІҮ;
- Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы ҚР 2004 жылғы 9 шілдесіндегі №591 заңы;
- ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы;
- «Рухани жаңғыру бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы;
- «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңы 2018 жылғы 02 шілде;
- «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қ.Р 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-ҮІ
- «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқаулық;
- «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен 2023-2024 оқу жылына арналған кешенді жоспар 2023 жыл 19.09 № 294

Әр оқу жылы басында нормативтік-жоспарлау құжаттары жинақталып, жұмыс барысында пайдаланылады. Сонымен қатар кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының алдын алу туралы Ереже, сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі туралы Ереже, оқушылардың өзін-өзі басқаруы туралы ереже, психологиялық қызмет туралы және әлеуметтік – психологиялық қызмет туралы ереже, кәсіптік бағдар беру қызметінің жұмысы туралы ережелер басшылыққа алынып жұмыстар жүргізілді.

Ата-аналар жиналыстарының, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі кеңестердің, сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестігінің отырыстарын өткізу кестелері әзірленіп, бекітілді.

Тәрбие жұмысын жоспарлау кезінде Қ.Р Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы басшылыққа алынды.

Сынып жетекшілер мектеп жоспары мен оқушылардың қызығушылықтары мен мұғалімнің мүмкіндіктеріне сәйкес жұмыс жоспарын жасады. Жоспарға жалпы мектепшілік іс-шаралар, сыныптың дәстүрлі іс-шаралары, сынып сағаттары енгізілді. Мектептегі тәрбие жұмыстарының жай-күйі мен нәтижелілігіне және тәрбие жұмыстары саласындағы жұмыстар тексеріліп, анықтамалары жазылып отырды.

Мектепте оқу-тәрбие жұмысының белгілі бір жүйесі ұйымдастырылған. Оның құрылымына директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестігі, кітапханашы, педагог-психолог кіреді. Мектептің тәрбие жүйесі оқу-тәрбие іс-әрекетін жүйелі ұйымдастыруға және дамытуға бағытталған. Педагогикалық процестің маңызды құрамдас бөлігі тұлғалық бағдарлы білім беру болып табылады, онда мектеп білім алушыларының тұлғалық қасиеттері мен өзіндік дамуы жүзеге асады. Жұмыстар бірнеше негізгі бағыттар бойынша жүргізілді.

- Құқық бұзушылықтың алдын алу;
- Аудодеструктивті және суицидтік мінез-құлықтың алдын алу;
- Жобалық іс-шаралар өткізу;
- Кәсіптік бағдар беру жұмысы;
- Білім алушыларға әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету. Мектеп директорының бұйрығымен әр сыныпқа сынып жетекшілер бекітілген, әр оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспарлары жүйелі жасалады.

Оқу жылының басында сынып жетекшілердің білім алушылармен жүргізетін жұмыстары мектептегі тәрбие жұмысының кешенді-мақсатты бағдарламасымен сәйкестендіріліп жасалды.

Рухани байлықты, моральдық тазалықты, бәсекеге қабілеттілікті, дене бітімін жетілдіруді және ХХІ ғасырдың өмірін қалыптастыруға қабілетті жан-жақты, үйлесімді тұлға қалыптастыру мақсатында тәрбие жұмыстары 2022-2023 оқу жылдары «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес 8 негізгі бағыт бойынша жұмыс жасады.

1. Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасылық тәрбие
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие, ақпаратты мәдениетті тәрбиелеу
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

### **1.Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие**

Мақсаты- білімалушылар мен жастардың патриоттық сана-сезімі мен өзіндік сана-сезімін қалыптастыру. Қазақстан Республикасының Конституциясына, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауға тәрбиелеу, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, олардың құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру.

Білімалушылардың саяси білімін шындай отырып, бейбітшілік, отан, достық туралы сөз ету, діннің зиянды бағыттарынан сақтандыру, еліміздің Заңдары мен тәртіп ережелерін сыйлау, орындау, материалдық және рухани байлықты пайдалануға, адал еңбекке, бауырмалдыққа, ізгілікке тәрбиелеу барысында

құқықтық тәрбие мен құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарынан бастап жұмыс жоспарына енгізілген.

Алғашқы Білім сабағы 2-9 сыныптарда Қазақстан Республикасының 30 жылдығына арналған «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және Отаншылдық» тақырыбында республикалық сынып сағаттары өткізілді.

Қыркүйек айында «Мектеп жарғысы, оқушының мінез-құлық ережелері» тақырыбында сынып сағаттары мен ҚР Конституция күніне орай дөңгелек үстел өткізілді.

Қазақстан Республикасының рәміздерін құрметтеу, қастерлеу мақсатында «Мемлекеттік рәміздерді құрметтейік!» тақырыбында әңгіме, өнеге сағаттары өткізіліп, оқушы, мұғалім, ата-аналардан тест алынып, саяси сауаттылықтары анықталды.

Президентіміз Қ.К.Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдаған Жолдауын оқушылар талдап, өз ой-пікірлерін ортаға салды.

Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты 8-9 сынып білім алушылары арасында жұмыстар жасөспірімдерді жаман қылықтардан бойын аулақ ұстауға, суицидтік ісәрекетке бармауына орай жағдаяттар бойынша мысалдар келтіре отырып жүргізілді. Нәтижесінде мектепте жыл ішінде құқық бұзушылық болған жоқ. «ҚР Бала құқықтары туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, оның тарау- баптарымен жылда таныстырылып отырады.

Балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың және қатыгез қараудың алдын алу мақсатында тұрмыстық зорлық- профилактикасы туралы ҚР 2009 жылғы 4 желтоқсандағы 214-ІҮ Заңын басшылыққа ала отырып, нормативтік құқықтық құжаттар дайындалды. Барлық сынып оқушылары арасында сынып сағаттары өткізілді.

«Қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік» және «Құқықтық сауаттылық- заман талабы» тақырыбында жүргізілген профилактикалық әңгіме сағаттары мен тәрбие сағаттары 2-9 сынып оқушылары арасында жүргізіліп, өз іс-әрекеті үшін жауапкершілік, жеке тұлғаны сезіну, қоғамдық тану қажеттілігі туралы сезімдерінің қалыптасуына ой салды. Құқықтық тәрбие беру төмендегідей бағыттар бойынша жүргізілді.

1. Кәмелетке толмаған жасөспірімдермен жұмыс
2. Педагогикалық ұжыммен жұмыс
3. Ата-анамен жұмыс
4. Психологпен жұмыс
5. Құқық қорғау ұйымдарымен жұмыс
6. Салауатты өмір салты есірткіге қарсы күрес бағытындағы атқарылатын іс шаралар.

Жүргізілген «Адал ұрпақ» кеңесінің жұмыстары талапқа сай болды.. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағыты бойынша «Адал ұрпақ» клуб кеңесі жұмыс жасады.

Бұл жұмыстың мақсаты- ұрпақтың бойында адалдық, парасаттылық, әділдік, сенім құндылықтарын сіңіруге және жас ұрпақтың рухани болмысын бекітіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.

Білім алушыларды жемқорлыққа қарсы ойлау жүйесін қалыптастыруда «Мен сыбайлас жемқорлыққа қарсымын!», «Біздің қоғамда жемқорлыққы жол жоқ», «Барлығын ақшаға сатып алуға бола ма?» тақырыбында жүргізілген жұмыстар да олардың патриоттық сана-сезімі мен өзіндік ойларын қалыптастыруда тағлымдық мәні зор болды. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға байланысты жүргізілген барлық жұмыстар ай сайын әлеуметтік желіге жүктеліп отырды.

Сонымен қатар «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы, Қ.Р Конституциясы, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-ІҮ сыныптарда талданып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

«№34 негізгі орта мектебі» КММ мемлекеттік заң мектебінде тіркелген оқушылар санының мониторингі:

2022-2023 оқу жылы – 0 адам (0%)

2023-2024 оқу жылы – 0 адам (0%)

Мектептің ішкі құжаттарындағы оқушылар санын бақылау:

2022-2023 оқу жылы – 0 адам (0%)

2023-2024 оқу жылы – 0 адам (0%)

Рұқсатсыз үйлерінен шығып кететін немесе панасыз немесе қараусыз қалған оқушылар жоқ.

Отбасы жағдайын анықтау және бос уақытын ұйымдастыру мақсатында үйге бару жүйелі түрде жүргізіледі. Ата-аналармен салауатты өмір салтын алдын алу, құқықтық ағарту, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды тәрбиелеудің негізгі мәселелері бойынша консультациялар жүргізілуде.

Апта сайын (дүйсенбі) мектепте бірыңғай ақпараттық-насихаттау күні өткізіліп, онда оқушыларды жаңалықпен таныстырып, жоспарлы іс-шаралар жүргізілуде. Оқушылардың білім сапасы мен оқу үлгерімі назарда болғандықтан сабаққа қатысуы күнделікті қадағалануы тиіс.

Сабаққа дәлелсіз себепсіз қатысатын оқушылармен жұмыс істеу жүйесі келесі іс-шараларды қамтиды:

- Оқушылардың үйлеріне рейд жүргізу.
- Оқушылар мен ата-аналарды құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі кеңес отырысына шақыру.
- Әкімшілік мәжілістерге, құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің отырыстарына келмеудің алдын алу бойынша жұмыс жүйесі туралы сынып жетекшілерінің есептері.
- Сабаққа қатысуға күнделікті мониторинг жүргізіледі.

## **2. Рухани-адамгершілік тәрбие**



Мақсаты - жеке тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін оның адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын қайта құру туралы қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарына, нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес келетін «Рухани жаңғырудың» құндылық негіздері туралы түсінік қалыптастыру, «өзін-өзі тану» негізінде рухани-адамгершілік тәрбие беру. Осы мақсатты басшылыққа ала отырып, мектепте рухани дамыған және жоғары адамгершілікті тұлға қалыптастыруда ата-аналармен бірлесе отырып жұмыстар жоспарлы түрде жүргізілді. Білім алушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеуде сыныптан тыс жұмыстардың маңызы ерекше. Қазіргі кезде қоғам алдына қойып отырған рухани-адамгершілік міндеттерін шешуде балалардың бойына бастауыш сыныптан бастап адамгершілік тәрбиенің негізі мәдениеттілік, адамгершілік, сана-сезім, мінезқұлық қалыптастыруда ерекше жұмысты қажет етеді. Сондықтан ұрпақты туған жерге еңбекке, сүйіспеншілік, үлкенді сыйлау, өзге ұлт өкілдерін құрметтеу, адамдармен шын пейілмен қарым-қатынас жасау, жоғары адамгершілік рухта тәрбиелеу барысында жұмыстар жүргізілді.

Тілдер мерекесіне байланысты он күндіктер өткізіліп, «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» атты тәрбие сағаттары сынып жетекшілерге зор жауапкершілік жүктеді.

Қазан айында ұстаздар мерекесіне байланысты «Ұстазым, менің ұстазым!» атты тәрбие сағаттарын барлық сынып білім алушылары өткізіп, ұстазға, үлкенге деген құрметі мен ізгілік қасиеттерін көрсете білді. Адамдық рухани құндылықтарды білім жүйесі арқылы оқыта отырып, білім алушы бойына мейірімділікті, түсіністік пен шыдамдылық қасиеттерін қалыптастыруда және өмірге қажетті дағдыларды үйретуде тоқсанына 1 рет «Қайырымдылық» акциясы ұйымдастырылады. Қарттар күніне байланысты «Қарттарымызды құрметтейік!» атты акцияға қатысып, мектептің «Өзін-өзі басқару» ұйымы жалғыздікті қарттар мен әлеуметтік қорғалмаған отбасына барып, қайырымдылық жұмыстарын жүрді..

Адамның рухани, моральдық-этикалық қағидаттарын, оның адамгершілік құндылықтарына және қазақстандық қоғамның әдет ғұрыптарына сәйкес келетін рухани-адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын дамыту барысында қазақ халық поэзиясының алыбы Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығы мен көрнекті ағартушы-педагог Ыбырай Алтынсаринның туғанына 180 жыл толуына орай өткен тәрбие сағаттарының оқушылар үшін тәрбиелік мәні өте зор болды.

Дулат Бабатайұлының туғанына 220 жыл, жазушы Әзілхан Нұршайықовтың туғанына 100 жыл, Қаздауысты Қазбек бидің туғанына 355 жыл толуына орай барлық сыныптарда тәрбие сағаттары өткізілді

Білім алушыларға рухани-адамгершілік тәрбие беруде психолог пен сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен «Имандылық адам көркі», «Адамгершілік-рухани тәрбие негізі» тақырыбында тренинг пен тәрбие сағаттары өткізілді.

Рухани-адамгершілік құндылықтарды әсемдік, көркем мәдениет арқылы адами құндылық, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды үйрете отырып жұмыстар жүргізу- жеке тұлғаның әдепті болуын, қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерін, моральдік қасиеттерін, бағыт-бағдарын қалыптастырады.. Әрбір өткізілген шара білім алушының мінез-құлқының жетілуіне, ата-анасы, Отан, қоғам алдындағы парызына адамгершілік сезіммен қарауына ықпал ете алды.

### **3. Ұлттық тәрбие**

Мақсаты- жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, мемлекеттік тілге, Қазақстан халқының мәдениетіне құрмет көрсетуге бағыттау.

Осы мақсатты басшылыққа ала отырып, білім алушылармен қыркүйек айында Тілдер мерекесіне байланысты он күндік мектеп директорының арнайы бұйрығымен жоспар жасалып, жүйелі түрде жүргізілді. «Ана тілім ардағым», «Мемлекеттік тілмен болашаққа» тақырыбында барлық сыныптарда тәрбие сағаттары өткізіліп, көрме жасалды.

«Теңге-ұлттық мақтанышымыз», атты сынып сағаттары да білім алушылардың жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағытталған шығармашылық қызметінің белсенді болуына тәрбиелік маңызының зор екенін үйретті.

### **4.Отбасылық тәрбие.**

Мақсаты- неке және отбасы мүшелерін құрметтеу құндылықтарын тәрбиелеу, толыққанды отбасын құру, отбасы мен достарына деген адалдық, отбасылық дәстүрлер, әдет-ғұрыптарды құрметтеу, сезім құндылықтары- сүйіспеншілік, адалдық,, достық, ата-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялық-педагогикалық құзіреттілігі мен балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру.

Қазіргі заманда жеке тұлғаға жан-жақты білім мен тәрбие берудің табысты болуы ата-аналардың тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне, мәдениетіне, мектеппен ынтымақтастығына, отбасында бір-бірін түсінушілігіне, көзқарастары мен мақсаттарының бірлігіне байланысты. Сондықтан әрбір оқушының ой-өрісі кең, өзін-өзі дамыта алатын шығармашылық дарынды тұлға болуы мектептегі мектептегі тәрбие ғана емес, отбасындағы тәрбиеге , ата-ананың жауапкершілігіне сын. Осыған байланысты сынып жетекшілер ата-аналармен үнемі байланыста болып, жоспарлы жұмыстар атқарылды. Жыл ішінде ата-аналармен педагогикалық психологиялық қолдау көрсету мақсатында жұмыстар жүргізілді. Сонымен қатар салауатты өмір салты, отбасы мен оқушының мәдени-сауықтыру уақытын қалай ұйымдастыратыны, сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету бойынша жұмыстар және жоғары сынып оқушыларының мақсаттарын айқындау мен кәсіпті таңдаудағы ата-аналардың рөлі, ақпараттық қауіпсіздіктің өзекті мәселелері туралы түсінік жұмыстары арқылы баланың болашағына жол ашу мақсатын көздеді. Мектептің қамқоршылық кеңесінің қызметі және отбасы мен мектептің өзара іс-қимылын күшейту барысында тренинг өткізілді.

Ата-аналарға арналған «Ашық есік» күні тоқсанына 1 рет өткізіліп, «Отбасының басты құндылықтары» тақырыбында тәрбие сағаттары, «Толағай» спорттық отбасылық эстафета жоғары деңгейде өткізілді.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша «Мен кітап оқығанды жақсы көремін» тақырыбында отбасылық кітап оқу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар «Отбасы-бақыт мекені» тақырыбында бейнероликтер жасалып, әлеуметтік желіге салынды.

### **5.Еңбек,экономикалық және экологиялық тәрбие**

Мақсаты-кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы қатынасты қалыптастыру, жеке тұлғаның экономикалық ойлауы мен экологиялық мәдениет дамыту,құндылық ретінде табиғатты сүю, кіші Отан ретінде туған табиғатқа деген сүйіспеншілік қалыптастыру.

Бұл бағытта қыркүйек айынан бастап мектепішілік кезекшілік ұйымдастырудан бастап сынып бұрыштарын безендіру, экологиялық сынып сағаттары, ұлттық қолөнер көрмелері ұйымдастырылды.

«Алтын күз» кешінде «Күз ғажайыптары» тақырыбында жемістер мен көкөністерден қолөнер көрмесі ұйымдастырылды.

«Еңбек елдің мұраты» тақырыбында өткен тәрбие сағаттарында еңбек етудің қыр-сырлары, еңбек адамдарының қажырлы еңбегі мен табандылығын мысал ете отырып, еңбексүйгіштікке баулу жұмыстары жүргізілді. Мектеп білім алушыларына еңбекті сүю, экологиялық бағыт беруде сынып жетекшілер тәрбие сағаттар өткізіп, тоқсанына 1 рет түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Мектеп айналасын көгалдандыру, гүл, ағаш егу, оларды күтіп баптап-өсіру жұмыстары да назардан тыс қалған емес.

«Қоғамға қызмет» жобасы аясында жоба мүшелері ауылдағы қарт, мүгедек отбасыларына барып, қолғабыс жасап, еңбекке шыңдалды.

Сыныптан тыс шараларда білім алушылар қолөнер шығармашылығы бойынша әр түрлі мүсін, картина және қалдық заттардан түрлі өмірге қажетті заттар дайындайды. Бұл жұмыстар болашақта білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыра отырып, кәсіби ақпараттандыру, яғни саналы түрде таңдау жасай алуы мен болашақ мамандығының қызметі аясында көмегі болмақ.

### **6.Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.**

Мақсаты- әр адамның интеллектуалдық мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын, ақпараттық мәдениетті , оның ішінде балалардың кибер мәдениеті мен гигиенасын дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

Қыркүйек айынан бастап сыныптардың әлеуметтік паспорты бойынша деректер банкін құру жұмысы, оқушылардың өзін-өзі басқару жұмысы, мектеп оқушыларының Президентін сайлау және әр түрлі тақырыпта өткен танымдық ойындар өткізу жұмыстары жүргізілді.

Білім алушылар арасында «Қарым-қатынас жарастығы» тақырыбынды бір-біріне деген сыйластық, өзгенің қадір-қасиетін бағалай білу өнерін қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізілді.

«Қауіпсіз интернет» бағытында мектеп психологы мен сынып жетекшілер бірлесе отырып, әлеуметтік желінің адам баласына әкелетін зиянды жақтарын түсіндіру жұмыстары ата-аналар мен білім алушыларды теріс іс-әрекеттерден сақтандыруда маңызы зор болды.

### **7. Көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие.**

Мақсаты- жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, , жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру арқылы полимәдени орта құру, эстетикалық талғам мен сезімнің эстетикалық санасын, халықтардың ұлттық мәдениеттері құндылықтарына көркемдік-эстетикалық сезімталдықты қалыптастыру.

Бұл бағыт бойынша үйірмелер мен секция жұмыстары ұйымдастырылып, жетекшілері тағайындалды. Мектепте жыл басынан бері спорттық, пән бойынша үйірме жұмыс жасайды. Оқушылардың каникул күндеріне жеке жоспар жасалып, жүйелі жұмыстар сынып жетекшілер мен үйірме жетекшілерінің ұйымдастыруымен жүргізілді. Жаңа жылдық шырша да арнайы кестемен өте жоғары деңгейде өткізілді. Алғыс айту күніне байланысты жүргізілген жұмыстар мен челленджер де өз мәнінде жүргізіліп, әлеуметтік желіге салынды.

«Жол қозғалысы Ережелері-біздің достарымыз» атты тақырыпта ай сайын өткізілген сынып сағаттарында айтылған балаларды жол-көлік оқиғаларынан сақтандыру, алдын алу жұмыстарының нәтижесінде келеңсіз оқиғалар орын алған жоқ.

### **8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты**

Мақсаты- салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене шынықтырудың құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастыру.

Осыған байланысты мектеп медбикесі психолог, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, ауылдық полиция қызметкерімен бірлесе отырып, «Адамгершілік-жыныстық тәрбиесі» тақырыбында әңгіме сағаттары және мектепішілік ұлдар мен қыздар жұмысына байланысты жекелей тақырыптық шаралар өткізілді.

Халықаралық ЖҚТБ індетіне қарсы күрес күніне орай «ЖИТС-тен сақтанайық!» тақырыбында сынып оқушылары арасында әңгіме сағаттары және медбикемен кездесу, білім алушыларға салауатты өмір салтын бойына дарыта отырып, зиянды әдеттерден аулақ болуды түсіндіру, насихаттау барысында айына 1 рет түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Салауатты өмір –бұл:

- Дене тәрбиесі және спортпен шұғылдану,
- Қоршаған орта, табиғатты қорғау;

- Тамақтану, еңбек, демалу гигиенасы,Жаңа күннің негізгі талаптарын орындау;
- Жеке және ұжымдық талаптарын орындау;
- Зиянды әдеттердің алдын алу;
- Дұрыс жыныстық тәрбие;
- Өзара қарым-қатынастар,психо-гигиенасының негізгі талаптарын орындау.

Осы бағыттардағы шараларды өткізу жұмыстары сынып сағаттары мен сыныптан тыс өтетін шараларда жүргізілді.

«Денсаулық пойызымен саяхат», «Дені сау ұлт Дені сау мемлекет», «Біз ЖҚТБ ға нашақорлыққа,маскүнемдікке қарсымыз,біз салауатты өмір салты үшін » тақырыбындағы іс-шаралар ұрпақтың темекі шегуден, ішімдік ішуден, зиянды іс-әрекеттерден сақтандыру мақсатында өткізілді. Бұл жұмыстар мектеп балаларының теріс қылықтардан аулақ болуына көп әсерін берді.

Жалпы қорытындылай келе, мектептегі жүргізілген тағы бір жұмыстарға тоқталсақ, оқушылардың жас ерекшелігі мен психологиялық ерекшелігін, мүдделерін, қажеттіліктерін ескере отырып жұмыс жасау сынып жетекшілердің үлесінде. Соған байланысты жеке тұлғаның талантын, ойлау және дене даму ерекшеліктерін дамытуға жалпы мәдениетін қалыптастыруға, ата-аналармен үнемі байланыста болуда сынып жетекшілердің атқарар жұмыстары ерекше. Осындай жұмыстарды ұйымдастыруда сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігі қызметінің ережелерін басшылыққа алдық..

Тәрбие жұмысының жай-күйі зерделеніп талданды және өз қызметіне қатысты нормативтік құжаттар, әдістемелік материалдар мен жаңалықтардың жүзеге асырылуы қаралды. Сынып жетекшілердің сынып жұмысына талдау жасау дағдыларының жеткіліксіздігі, сыныптағы проблемаларды айқындап, түзету жұмыстарын белгілеу дағдыларының аздығы бойынша жұмыстар белгілеу назарға алынды.

Сынып жетекшілер сынып білім алушыларының тәрбиелік деңгейінің диагностикалық картасын және қалыптасу деңгейінің диагностикасын жасады.

Оқушылардың сабаққа қатысы, үлгерімі, тәртібі, үнемі қадағаланып, ата-ана, мұғалім, сынып жетекшілер арасында сабақтастық орнаған. Күнделікті сабаққа кешігетін оқушы жоқ, ата-аналарымен хабарласып,олардың сабақты себепсіз босатпау керектігі үнемі ескертіліп отырады.

Діннің зиянды жақтары мен әр түрлі ағымдарынан сақтандыру,алданып қалмау, өз дініміз бен тілімізді сақтауға үйрету барысында жүргізілген жұмыстарға сынып жетекшілердің жауапкершілігі жоғары болды.

2022-2023,2023-2024 оқу жылдар аралығында «Оқуға құштар мектеп», жобасы жұмыс жасады. Жобаның мақсат-міндеттері айқындалып, жоспары бекітілген. Білім алушылардың бойына адамгершілік қасиеттер мен ұлттық құндылықты, азаматтық, рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруда бұл жобалардың алар орны ерекше болды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасының мақсаты- жас ұрпақ бойына елжандылық пен ұлттық құндылықты, азаматтық, рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру. Ата-аналар мен оқушылар, мұғалімдердің оқу мәдениетін, оқу сауаттылығын, оқу белсенділігін арттыру. Бұл жоба бойынша мектепте бастауыш сынып оқушылары арасында ертегілер бойынша сахналық қойылымдар қойылып, кітап оқылып талдаулар жасалады. «Оқы және өзгеге сыйла» акциясы өткізіліп, 9 сынып оқушылары белсенділікпен қатысты.

**5.1.Білімалушылардың рухани –адамгершілік, азаматтық-патриоттық,көркемдік –эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтің әр түрлі нысандарын ұйымдастыру 2022-2024 жылдарында өткізілген тәрбиелік іс-шаралардың сандық көрсеткіші**

Тәрбие жұмыстарының бағыттары	2022-2023			2023-2024		
	формасы	Іс-шаралар саны	Қамтылған сыныптар	форма	Іс-шаралар саны	Қамтылған сыныптар
Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	Сынып сағаттары	5	2-9	Сынып сағаттары	4	1-9
	Тәрбиелік іс-шаралар	2	5-9	Тәрбиелік іс-шаралар	3	1-9
Рухани адамгершілік тәрбие	Сынып сағаттары	2	5-9	Сынып сағаттары	4	1-9
	Тәрбиелік іс-шаралар	4	1-9	Тәрбиелік Іс-шаралар	4	1-9
	жобалар	1	5-9	жобалар	1	5-9
	челлендж	1	5-9	челлендж		
Ұлттық тәрбие	Сынып сағаттары	5	1-9	Сынып сағаттары	4	1-9
	Тәрбиелік іс-шаралар	2	2-9	Тәрбиелік іс-шаралар	4	1-9
	байқаулар	1	8-9	Байқаулар		
Отбасылық тәрбие	Сынып сағаттары	3	5-9	Сынып сағаттары	5	2-9
	Тәрбиелік іс-шаралар	3	1-9	Тәрбиелік іс-шаралар	5	1-9

	Жиналыс	4	1-9	Жиналыс	4	1-9
Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	Сынып сағаттары	4	1-9	Сынып сағаттары	5	2-9
	Тәрбиелік іс-шаралар	3	2-9	Тәрбиелік іс-шаралар	4	1-9
	челлендж	1	5-9	челлендж	1	2-9
	байқаулар	1	8-9	байқаулар	1	5-9
Көпмәдениетті және көркемәстетикалық тәрбие	Сынып сағаттары	5	5-9	Сынып сағаттары	6	1-9
	Тәрбиелік іс-шаралар	2	1-9	Тәрбиелік іс-шаралар	4	1-9
	көрме	1	1-9	көрме	1	1-9
Зияткерлік тәрбие, ақпаратты мәдениетті тәрбиелеу	Сынып сағаттары	1	2-9	Сынып сағаттары	1	1-9



	Тәрбиелік іс-шаралар	1	1-4	Тәрбиелік іс-шаралар	2	2-9
	байқаулар	1	5-9	байқаулар	2	8-9
Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	Сынып сағаттары	3	1-9	Сынып сағаттары	2	2-9
	Спорттық сайыстар	4	1-9	Спорттық сайыстар	5	5-9
	Денсаулық күні	1	1-9	Денсаулық күні	1	1-9

Мектепте жоспарланған іс-шаралар жүйелі орындалып отырады. Кәсіптік бағдар беру бойынша ұйымдастыру жұмыстарында оқушыларға кәсіптік бағдар бере отырып, белгілі бір мамандыққа бейімділігін анықтау мақсатында жоғары сынып оқушылары арасында сауалнама жүргізіледі, мектеп түлектерімен кездесулер өткізіліп тұрады. Ата -аналарымен үнемі байланыс жасалады және түрлі тақырыптарда сынып сағаттары өткізілді. Аптаның әр дүйсенбі күні бірінші сабақ алдында екі ауысымда да мемлекеттік гимн айтылады. Жалпы мектеп бойынша дүйсенбі саяси хабар, бейсенбі денсаулық, жұма имандылық күні болып белгіленген. 2020 жылдан бастап мектеп жұмысының ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында әлеуметтік желі парақшасы жұмыс жасайды. Мектеп өмірінде болып жатқан жұмыстар осы парақшаға салынып отырады. Білім алушылардың құқықтары мен еркіндіктері, оларды сақтау және қорғауға бағытталған жұмыстар да жүйелі жүргізілді.

Білім алушылардың жас ерекшеліктері мен қабілеттеріне байланысты өнерге, спортқа, шығармашылыққа деген қызығушылықтарын, ынта-жігерін арттыру, эстетикалық талғамын дамытуға тәрбиелеу мақсатында мектепте үйірме жұмыстары жүргізіледі. Үйірме жұмыстарын жүргізудегі жетекшілердің негізгі мақсаты білім алушылардың шығармашылық қабілеті мен өзіндік іс-әрекетін жан-жақты дамыту, бос уақыттарын тиімді ұйымдастыруға шыңдау болғандықтан , оны ұйымдастыру мен жүргізуде үнемі жауапкершілік танытып

отыру керек. Үйірме жұмыстарын жүргізуде мұғалімнің шығармашылық қабілеті айқын көрінеді. Сондықтан үйірме жұмысын жүргізу үшін ең бірінші білім алушылардың талаптары мен сұраныстарын қанағаттандыра отырып, үйірме мүшелерін ортақ іске жұмылдырамыз. Ол үшін үйірме жетекшісі алынған тақырыбының үйретушілік және тәрбиелік маңызына ерекше көңіл бөледі. Осыған байланысты үйірме сабақтарында білім алушылардың ойлау қабілеттерін арттыруда ізденіс дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ал оны дамыту үшін тиімді жаңа әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, жұмыстар жүргізу үйірме жетекшілері басты назарда ұстау қажет. Осындай ұстаным мен талаптарды ұстана отырып, жетекшілер жыл басынан бері арнайы құрылған жоспарлары бойынша жұмыс жүргізуде. Мектеп білім алушыларының үйірмелерге қызығушылықтары жоғары. Қолөнер жұмыстары бойынша жасаған бұйымдары жинақталған.

Ал спорт үйірмесі бойынша мектеп білім алушыларының қатысу деңгейі жоғары. Дене тәрбиесі пәні мұғалімі салауатты өмір салтын насихаттау, білім алушылардың спортқа деген қызығушылығын ояту барысында волейбол, футбол, үстел теннисі ойындары бойынша аптасына 1 рет жүргізіледі. Арнайы кестелері, жоспарлары жасалған. Өткізген жарыстарының хаттамалары жинақталған. Жалпы оқушыларымыз аудандық, облыстық жарыстарға қатысып жүреді.

Қорыта айтқанда, барлық үйірме жетекшілері жеке тұлғаны жан-жақты дамытуда үйірме жұмыстарын жоспарлы жүргізе отырып, өздігінен бақылау жүргізуге, шығармашылыққа жетелейтін, өздігінен іздене алатын және шымыр, дені сау салауатты азамат дайындауда жауапкершілікпен жұмыс жасауда. Бұл жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде білім алушылар өз бетінше жұмыс істеуге дағдыланады, болашақта өмірден өз орнын табуға талпынады.

### **2023-2024 оқу жылы**

2022-2023			2023-2024			2024-2025		
Барлық оқушы	үйірме саны	Бала саны	Барлық оқушы	үйірме саны	Бала саны	Барлық оқушы	үйірме саны	Бала саны
65	6	64	64	6	64	63	6	63

2023-2024 оқу жылында тәрбие процесінде басшылыққа алынған «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 бұйрығы мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен 2023-2024 оқу жылына арналған КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫ негізінде жасалған тәрбиенің жылдық жоспары жасалып, бекітілді.

Тәрбие жұмысының тақырыбы: Ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз

үлесін қосуды парызым деп білетін жан-жақты білімді, қабілетті, жаңашыл тұлға қалыптастыру.

## **5.2 «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:**

<https://krguo.edu.kz/loader/fromorg/418/8325>

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

### **Міндеттері:**

1.Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

2.Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

3.Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4.Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

5.Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

### **Күтілетін нәтиже:**

1.Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

2.Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салтдәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

3.Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4.Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5.Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Осындай мақсат-міндеттерді басшылыққа ала отырып, биылғы оқу жылында тәрбие жұмысы Ұлттық құндылықтар: Ұлттық мүдде, Арұят, талап бағыттары

бойынша жүргізілуде. Кешенді жоспарды іске асыруда тәрбие жұмысын ұйымдастыру жұмыстары салауатты өмір салтына ынталандыру, сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру, білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін және ұжымда жұмыс істей білуге баулу, ата-аналар жиналысын өткізу, оқу жетістіктері мен ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен жұмыс жүргізу жопарланды.

Оқу жылының басында ата-ана, мұғалімдер, оқушылар арасында «Біртұтас тәрбие бағдарламасына» байланысты барлық түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқу жылының тәрбие жоспарын талқылау мақсатында сынып жетекшілермен «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» талқыланып, жоспарланды.

Жаңа оқу жылының басталуы қарсаңында білім алушылардың бойында білімнің басымдылығы мен маңыздылығын және жағымды көңіл-күй, оң көзқарас қалыптастыру мақсатында 2023-2024 оқу жылына арналған «Мектебім – мейірім мекені» атты білім күніне арналған салтанатты жиын ұйымдастырылды.

«Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және Отаншылдық патриотизм» тақырыбында бірыңғай тәрбие сағаттары өткізілді. Алғашқы сынып сағатының шеңберінде ұлттық құндылықтардың, патриотизмнің, адалдықтың, адам өміріндегі бір-біріне деген құрмет пен сенімнің ролін талқылауға ерекше назар аударылды.

Кеш барысында Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларынан сахналық көрініс қойылып, өлеңдері мен аудармаларынан мысалдар оқылды. "Тоғыз ай 9 іс - шара" тұжырымдамасы негізінде "Сергіту сәті" республикалық челленджі 1-9 сынып оқушыларымен ұйымдастырылды. Челлендждің мақсаты - балалардың салауатты өмір салтын насихаттау.. Мектеп алаңында денсаулық күнінде жаппай жаттығу жасау және бастауыш сыныптарда отбасымен үйде дене шынықтырумен айналысу челленджі өтті. Барлық бейне роликтер әлеуметтік желіге жарияланып отырды. «Денсаулық және дұрыс тамақтану» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) бойынша өткізілді.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында ата-аналарды қолдау негізінде «Даналық мектебі» клубы ашылып, онда «Аталар мектебі», «Әжелер мектебі», «Ағалар мектебі», «Жеңгелер мектебі» жұмыстары жүргізілді. Әр клубтың мүшелері сайланып, жоспарға сай жұмыстар, кештер, ата-әжелермен кездесулер, сайыстар, өткізіліп фейсбук әлеуметтік желісіне, баспа беттеріне жарияланды. Жалпы мектепте ақыл-өсиет айтатын «Аталар алқасы», үлгі-өнеге көрсететін «Әжелер алқасы» сайланған. Жылда «Өнегелі өмір» жобасы бойынша ауылымыздан шыққан атақты адамдармен, мектебімізден түлеп ұшқан лауазымды жас ұрпаққа тәрбие беретін азамат, азаматшалармен кездесулер өтіп тұрады.

Отбасы күніне арналған іс-шаралар өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну мақсатында «Отбасылық дәстүрлер» тақырыбында сынып жетекшілер оқушылардың ата-анамен бірлесіп әрекеттену жұмыстарын өткізді. Челлендж барысында оқушылар қызығушылықпен белсенді қатысты.

Арнайы мамандармен профилактикалық жұмыс (ата –аналар, қыздар және ұлдар жиналысы) өткізілді, алдын алу түсіндірме жұмыстары ар-әдеп нормаларын ұстану, құқықбұзушылықтың алдын алу, халқына адал қызмет ету жолдары барысында «Зорлық -зомбылықсыз өмір», «Өз құқығыңды білесің бе?», «Имандылық-парызың» тақырыптарында жұмыстар жасаөспірімдердің рухани дамуына және құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында болды. Кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер арасында инспектордың қатысуымен профилактика Кеңесінің отырыстары өткізілді. Кеңесте тәртіп бұзған, немесе құқық бұзушылыққа жол берген оқушылардың жеке істері қарастырылды.

Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары "ЖИТС-тің алдын алу және онымен күресу жолдары» тақырыбында 8-9 сынып оқушыларымен кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында оқушыларға АИТВ/ЖИТС туралы шынайы ақпарат бере отырып, оларды қауіпсіз мінез - құлық дағдысына үйретіп, АИТВ-мен өмір сүруші адамның құқықтарына құрмет көрсету туралы айтып өтті. Жастарды АИТВ- ның алдын алу шаралары туралы білуге, өз денсаулықтарына жауапты болуға, салауатты өмір салтын ұстануға, психикалық денсаулығын сақтауға, зиянды әдеттерден аулақ болуға шақырды. Сонымен қатар қазіргі таңдағы өзекті мәселелер қозғалып, түрлі сұрақтарға жауап алынып, ұсыныс пікірлер тыңдалды.Бейнеролик ұсынып, соңында оқушыларды жақсы оқып, үйдегі ата – аналарының балаларынан үлкен үміт артып отырғанын атап өтті.

Сонымен қатар қазіргі таңдағы ең көп орын алып жүрген қылмыстың бірі буллинг пен кибербуллинг туралы оқушыларға түсіндіріліп өтті. Сонымен қатар мектеп медбикесі жеке гигиеналық тазалық туралы әңгіме қозғап, қоғамдық жерлерде тазалық сақтау туралы айтты. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мектеп формасы мен мектептің ішкі тәртібін атап өтіп, сақталуын қатаң талап етіп, ескертулер жасады. Жиналыс соңында оқушылар сұрақтарын қойып, тиісті жауаптарын алды.

Жиналыс барысында полиция қызметкерлері тиісті бөлімшелері бойынша қалада орын алған құқық бұзушылық фактілерін көрсетіп, қандай жаза қолданылғаны және оның алдын алу жолдарын кеңінен түсіндіріп өтті. Қазақстан Халықтарының Тілдер мерекесіне тіл мамандары үлес қосты. Қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімдері Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орай "Тілге құрмет, елге құрмет атты челлендж ұйымдастырды. Мектеп дәлізіне

Алаш зиялыларының шығармаларынан «Тіл тірегіміз,соғып тұрған жүрегіміз» тақырыбында кітап көрмесі жасалды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл агенттігінің хатына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 31 желтоқсанындағы №1147 қаулысымен бекітілген жоспарына сәйкес мектебімізде біріңғай "Адалдық сағаты" ұйымдастырылды. Тәрбие сағатының мақсаты- оқушыларға адалдық, шындық туралы түсінік бере отырып, оқушылардың бойына рухани адамгершілік қасиеттерді ұялату үшін мейірбан, ақылды, шыншыл, қайырымды тағы басқа адамдық асыл қасиеттерді игеруге ықпал ету.

Қыркүйек айында мектепте оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының Президентін сайлау іс-шарасы өтті. Биылғы мектеп Президенттігіне үміткер болып 2 оқушы тіркеліп, өздерінің жұмыс жоспары мен алға қойған мақсаттарын жариялап, үлкен белсенділік танытты. Президенттікке үміткер оқушыларды сайлауға мектеп оқушылары мен мұғалімдер қатысып, белсенді, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, мектеп басшылығымен бірге оқу үдерісін ұйымдастырудағы мәселелерді шешуге қатыса алатын жауапты, тәртіпті кандидаттарына дауыс берді. Нәтижесінде мектебіміздің 8-сынып оқушысы Айтбай Марғұлан басым дауысқа ие болып, мектеп Президенттілігіне сайланды.

"Ұстаз - ұлы тұлға" тақырыбында мерекелік іс – шаралар өткізілді. Іс шараларды өткізу мақсаты- мұғалімдер күні мерекесін мерекелеу және мұғалім мәртебесін арттыру. Ұстаздар мерекесіне байланысты 1– 9 -сыныптар аралығында тәрбие сағаттары ұйымдастырылып, өткізілді. Сынып сағаттары барысында сынып жетекшілер оқушыларға ұстаздық мамандықтың қиындығы мен қызығы бірге жүретіні жөнінде түсініктерін қалыптастырып, білім алуға саналы көзқарастарын нығайтып, жеке тұлғаның рухани адамгершілік қасиеттерін дамытып, ұстазды әрқашан сыйлауға тәрбиеледі. Сонымен қатар ""Дублер күні" өзін өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен жоғары деңгейде өтілді. Іс - шаралар өз деңгейінде ұйымдастырылып, мақсатына жетті.

«Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасы аясында қазан айындағы жоспар бойынша бірыңғай Әнұран орындау челленджі өткізілді. Сонымен қатар қазан айында Республика күніне орай «Жас Ұлан», «Жас қыран» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына қабылдау салтанатты рәсімі өтті.

Мақсаты- оқушыларға еңсесі биік егемен еліміздің айбынды да азат ұрпақтары екендігін терең ұғындыру. Патриоттық, отансүйгіштік сезімін дамыта отырып, ел бейбітшілігін сақтау жолында үлес қосуға баулу. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары ата -аналарды мектеп тәртібі, тәрбие жұмысымен, ата - аналарды педагогикалық қолдау көрсету орталығының жұмыс жоспарымен таныстырып өтіп, ата - аналарға арналған сауалнама жүргізді. Жиналыс соңында ата -аналар сұрақтарын қойып, тиісті жауаптарын алды және ұсыныстарын жазып, іс-шараны қорытындылады. Сонымен қатар мемлекеттік рәміздерді құрметтеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды

қалыптастыруға бағытталған «Саналы ұрпақ» жобасы, «Отбасылық дәстүрлер» тақырыбында отбасы құндылықтарын насихаттау жұмыстары да өз мәнінде жүргізілді.

Мектеп білім алушылары арасында алдыңғы оқу жылдарына қосымша биылғы оқу жылында ұсынылған жобалар ішінен «Жеткіншектің жеті Жарғысы», «Еңбегі адал жас өрен», «Оқуға құштар мектеп», жобаларын алып, жұмыстар жүргізілуде.

Желтоқсан айында «Жеткіншектің жеті Жарғысы» жобасы аясында «Көк тудың желбірегені», «Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын! тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

Сонымен қатар мектепте Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңы» 27.07.2007 жыл Қ.Р Білім және ғылым министрінің 2017 жылы 27 маусымындағы «Білім беру ұйымдарында қамқоршылықтың кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту» туралы №355 бұйрығын басшылыққа алып қамқоршылық кеңесі жұмыс жасайды. Қамқоршылық кеңес құрамын бекіту туралы мектеп директорының арнайы бұйрығы шығарылып, жұмыс жоспары бекітілді. Қамқоршылық кеңес жұмысы жылына 4 рет өткізіліп, олардың жұмыс мақсат-міндеттері таныстырылып, мектепте жүргізілетін жұмыстарға қатысу құқықтары айтылды..

### **5.3 «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жұмыс жасайды.**

<https://krguo.edu.kz/loader/fromorg/418/8325>

Мақсаты- балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата аналарымен қарым-қатынасын күшейту, берекелі отбасы мәдениетін қалыптастыру. Орталық жұмысының мақсаты мен міндеттері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, ата-аналардың қатысуын қамтамасыз ету бойынша мектеп пен отбасының өзара әрекеттесуі туралы шешім қабылданды. Әр сынып білім алушыларының ата-аналарына арналған сабақтардың мазмұны бойынша айына 1 рет сабақтар өткізіледі

Білім алушыларға зиянды әдеттер және оның денсаулыққа зиян келтіретіні, қоғамдағы азаматтық жауапкершілігі, салауатты өмір салтын ұстануы, еңбекқорлық және оның табысқа әсері жайлы тақырыптарда сынып сағаттары, сыныптан тыс іс-шаралар, кездесулер, флешмоб, жобалар қорғау, байқау сияқты тәрбиелік мағынаға толы шаралардың маңызы өте зор болды. Сонымен қатар кәмелетке толмағандар арасында жыныстық қолсұғылмаушылықтың алдын алу жұмыстары да үнемі сынып жетекшілер мен медбикенің назарында болады. Оқу жылдарына арналған іс-шаралар жоспары жасалып, бекітіледі және мектеп әкімшілігі, полиция қызметкері, медбикенің қатысуымен топ құрылған.

Мектепте оқу жылының басында кәмет жасқа толмаған жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылық, жыныстық тиіспеушіліктің алдын алу мақсатында іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілді.

2023-2024 оқу жылының қыркүйек айында қыз балалардың жеке бас гигиенасы, жыныстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, медбике, психологтың қатысуымен жиналыс өткізіліп, баяндама оқылды, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. 8-9- сынып қыз балаларымен өткен «Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» тақырыбындағы жиналыстың мақсаты-қазақ халқының ұлттық болмысын сақтай отырып, қыздарға жат қылықтарды ажырата білуге, олардың денсаулығына, тәрбиесіне келтіретін зияны туралы түсінік беру, олардың ішкі және сыртқы жан дүниесінің әдемі де арлы болуына тәрбиелеу. Жиналыста медбике қыз балалармен ашық сөйлесіп, пайдалы кеңестермен бөлісті.

Ал «Зорлық-зомбылық, жыныстық қол сұғушылықтың алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру жолдары» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді. Мақсаты- балалар мен балалардың арасындағы және үлкендердің отбасында болатын зорлық- зомбылықтың алдын алу, жол бермеу. Ата аналарға кеңестер берілді, жадынамалар таратылды.

Желтоқсан айында жасөспірім қыздар арасында ерте жыныстық қатынасқа түсудің алдын алу, оның өміріне әкеліп соғатын зияны мен зардаптары және қыз балалар мен ер балалардың тәрбиесіне көңіл бөлуге байланысты ақыл-кеңес беріліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Қазақ халқы қыз баланың тәрбиесіне ерекше мән берген. Сондықтан қыздардың бойында әдептілік, сыпайылық, инабаттылық қасиеттермен бірге ер балалармен дұрыс қарым-қатынас орнату және ұлттық құндылықтарды бойына қалыптастыру мақсатында «Қыз қылығымен » тақырыбында ақыл кеңестер айтылды.

«Қыз тәрбиесі ұлт тәрбиесі» тақырыбында оқылған баяндамада ұлтымыздың адаспай ұлт болып қалуы, қоғамның алға жылжуы, өркендеп өсуі қыз баланың тәрбиесіне байланысты болмақ. Сондықтан қыздардың адамгершілігі мол, әдепті, ибалы болып тәрбиеленуі отбасындағы тәрбиеге байланысты болатыны айтылды.


Ата-аналар арасында өткен жиналыстарда қыз балалардың тәртібі, түнгілік мезгілде жүрмеуі, ер балалармен достық қарым-қатынаста болғанда абай болу керектігі және зорлық, зорлау мәселелері туралы түсінік жұмыстары жүргізілді.

Мектепте мектептің әлеуметтік паспорты жүреді.Әлеуметтік паспортқа сәйкес 33 толық отбасы туған ата-аналарымен тұрады Көпбалалы отбасы-16 , аз қамтылған отбасы жоқ.

**Мектеп бойынша білімалушылардың әлеуметтік жағдайының**

**3 жылдық көрсеткіші**





Әлеуметтік мергебесі	Толық отбасы	Толық емес отбасы	Анасы жоқ балалар	Әкесі жоқ балалар	Көп балалы отбасы	Аз қамтылған	қамқоршылық тағы	Мүгедек, мүмкіндігі шексұл
2022-2023	33	-	-	-	16	-	-	-
2023-2024	34	-	-	-	15	-	-	-
2024-2025	35	-	-	-	16	-	-	-

#### **5.4 Оқушылардың жазғы жұмысы мен демалысын ұйымдастыру:**

Мектепте жазғы демалыс уақытында «Күншуақ» сауықтыру лагері жұмыс істейді. Жыл сайын біз жазғы демалысты ұйымдастыру үшін өз жоспарымызды жасаймыз. Жыл сайын жазғы уақытта оқушылардың демалысы мен еңбекпен қамтылуын ұйымдастыру 80% және құқық бұзушылық санының болмауы жазғы уақытта тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі нәтижесі болып табылады.

Қауіпсіздік және салауатты өмір салты негіздерін оқыту бойынша әр түрлі іс-шараларды ұйымдастыру жұмыстарын жалғастырамыз.

Интеллектуалдық білім беру, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу әрбір жеке тұлғаның интеллектуалдық мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетті дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті құру мақсатында жүзеге асырылды.

Тілдердің он күні, «Рухани жаңғыру», «Халықаралық балалар кітабы күні» атты іс-шаралар топтамасы, «Оқу кештері». «Оқу уақыты» бұрыштары, кітапханалық сабақтар, тақырыптық көрмелер, «Буккроссинг» кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Тәрбие жұмыстары мен барлық маңызды оқиғалар Facebook әлеуметтік Saryobaly Negizgi Orta Mektep желісінде көрсетілген.

Қорытынды: мектептің тәрбие жұмысын қанағаттанарлық деп танылсын, мектепшілік іс-шараларға қатыстыру арқылы оқушылардың белсенділіктерін арттыру үшін патриоттық тәрбие беру формаларын белсендіру және әртараптандыру, оқушылар мен ата-аналарды әлем мәдениетімен, ғылыммен, өнердің әртүрлі салаларымен таныстыру.

### **5.5 Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру;**

«№ 34 негізгі орта мектеп» КММ-де мектеп ұжымы мектептен тыс іс-шараларды ұйымдастырады. Іс-әрекеттің бұл түрі оқушылардың бос уақытын бай және қызықты өткізуді қамтамасыз етеді және физикалық, интеллектуалдық, шығармашылық, адамгершілік және рухани дамуына барынша жағдай жасайды.

- ✓ Еңбек және дене шынықтыру жаттығулары дене шынықтыру мерекелері мен жарыстары, ашық ауада жаттығулар, сауықтыру ойындары – серуендеу, экскурсиялар, волейбол, үстел теннисі сияқты формалар арқылы жүзеге асырылады.
- ✓ Рухани-адамгершілік бағыт концерттерге дайындық, пікірталас, сюжетті сахналау, музыкалық шығармаларды тыңдау кезінде жүзеге асады.
- ✓ Азаматтық-патриоттық бағыт оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеуге бағытталған (Ерлік сабақтары, Тәуелсіздік күніне, Жеңіс күніне дайындық)
- ✓ Интеллектуалдық бағыт тәрбиелік әңгіме, ойын, бақылау, олимпиадаға қатысу, балалардың ғылыми жобалары, ақпараттық технологиялар сияқты формалар арқылы жүзеге асады.
- ✓ Көркемдік-эстетикалық әңгімелесу түрінде жүзеге асады. Мысалы: «Дұрыс тамақтану туралы әңгімелеу», «Қоғамдық орындардағы өзін-өзі ұстау мәдениеті», «Қатынастағы өзін-өзі ұстау мәдениеті» т.б. Мақсаты – оқушылардың шығармашылық саласындағы жаңа қабілеттерін ашу.
- ✓ Сыныптан тыс іс-шаралар мектеп қабырғасында да, одан тыс жерде де ұйымдастырылады және өткізіледі, бұл кез келген пәндік саланы тереңірек оқуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, дене шынықтыру мұғалімдері спорттық және ұлттық ойындарды, мысалы «Футбол», «Дойбы, шахмат» секциялар мен үйірмелерде алған білім, білік, дағдылары. әр түрлі бағыттар бойынша терең танымдық қызығушылықты қалыптастыруға ықпал етеді. Сыныптан тыс жұмыстар мектеп директоры бекіткен кестеге сәйкес қатаң түрде жүргізіледі.

### **5.6 Әлеуметтік желіге жарияланған тәрбиелік іс-шаралар**

<https://www.facebook.com/share/p/vPEhbrdFEbAWKBKG/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/v/JokiZutwbVjbYmQh/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/v/JokiZutwbVjbYmQh/?mibextid=oFDknk>

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid02ropXPrzW4RpKZh1GNCdq4LepiuQFBCFjMm3S3vu5oDHijvzuxoFe16eFE9y3B1Pl&id=100046042990028&mibextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02ropXPrzW4RpKZh1GNCdq4LepiuQFBCFjMm3S3vu5oDHijvzuxoFe16eFE9y3B1Pl&id=100046042990028&mibextid=Nif5oz)

<https://www.facebook.com/share/v/PyEV7BJu1Tm34F2m/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/99aPY75j4ewWeUZ6/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/z9ohyJj9DUHcanUp/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/z9ohyJj9DUHcanUp/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/R1KhefHiRbjtDmDM/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/2oCs7JyAuCPQ6okr/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/2oCs7JyAuCPQ6okr/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/hvE4T6xCKGnz5pv6/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/vyTkaiGYawaTVHKF/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/v/7S83ZWXbZZ7dajKp/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/gdHq727JMGrEMVEU/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/1hQV6GToeATwEd9U/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/PyC5f5DtFnssib8M/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/EmHfPpcRwVPwQ5jE/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/kPzsk15FuD8MT8xG/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/XnphsQmdP9vviC1k/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/ARw3vgavuCYq4z9U/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/UsTLFxf7v8Rp3ztG/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/bWnYS6CUr6E9XqHt/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/DyEHbYpmewn76BwG/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/A6ndiPdHsLisNRUW/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/VVmqqohxfPE13n9e9/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/ok4i1VaC6KqVdhL4/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/ECSmSVsvn8j7Bmcu/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/5jbdquFWT6JoXezf/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/8VqA7GVi2cj3ZFvd/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/8VqA7GVi2cj3ZFvd/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/pkWeztwG8iwG8nnM/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/wTDVaFhKNRyBKfqS/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/cn7SyDdkEckZNbX8/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/zUGQU7x2FUskxGSi/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/4WjrKux3QePWxn69/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/jCPSYpFH3nQxFdEJ/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/tQX2NEVf7t5cfjnS/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/kMUWmBYtpZY3rpBe/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/ctz1HRYBb5pR26LB/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/KfYM71yHk5kqvQ9p/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/FDa3jCagV1XJ2QSw/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/xyRqKrRLPEDwFHTZ/?mibextid=oFDknk>

<https://www.facebook.com/share/p/xyRqKrRLPEDwFHTZ/?mibextid=oFDknk>

## 5.7 №34 негізгі орта мектеп психологінің талдау есебі.

<https://krguo.edu.kz/loader/fromorg/418/8325>

- «№34 негізгі орта мектебі» КММ-нің директорымен бекіткен психологиялық қызмет бойынша педагог-психологтың перспективалық жұмыс жоспары бар. 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына психологиялық қызметтің жұмыс жоспарлары жасақталып, толық көшірмелері салынды.

- Психологиялық сабақтардың, тренингтердің және басқа да жұмыс түрлерінің әдістемелік әзірлемелері жинақталған;

- Психодиагностикалық әдістемелердің деректер банкі мен тізбесі бар;

- Білім алушылардың психологиялық дамуының жеке карталары бар;

- Психологиялық тексерудің нәтижелері, қорытындылары мен ұсынымдары жинақталған папкасы бар;

- Жеке кеңестерді тіркеу және топтық жұмыстарды тіркеу журналдары жүргізілген. Құпиялығы сақталған.

- Тоқсан, жартыжылдық, бір жылдық психологиялық қызметтің талдамалық есептері бар.

- Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің мақсаты

2022-2023, 2023-2024 оқу жылының психологиялық қызметтің мақсаты – оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік – психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысуларға психологиялық қолдау көрсету;

Мектептегі психологиялық қызмет 5 бағыт бойынша жүзеге асырылып келеді. Психодиагностикалық бағыт, консультациялық бағыт, ағартушылық – профилактикалық бағыт, түзету-дамытушылық бағыт, әлеуметтік –диспетчерлік бағыт.

- Психологиялық қызмет жұмысы мектеп оқушылары, мұғалімдері мен атааналарымен жұмыс жүргізеді.

- Педагог-психолог психологиялық диагностикалау нәтижелері, ұсынымдар мен қорытындылары, ақпараттың құпиялығын сақтайды.

Оқу-тәрбие үрдісіндегі психологиялық қызметінің 2022-2023 оқу жылы 4.09.2022 ж. №1 педагогикалық кеңес қаулысы, 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары 3.09.2023 ж. №1 педагогикалық кеңес қаулысымен бекітілген. Психологиялық қызмет жоспары психодиагностикалық, консультациялық, ағартушылық-профилактикалық, түзетудамытушылық, әлеуметтік –диспетчерлік

бағытта жұмыстары жүргізілген. Мектеп мұғалімдері мен оқушыларының тізімі алынып, әрбір қызметтік жұмыс бойынша папкалар жасақталған. 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары өткізілген диагностикалары мен сауалнамалары бар.

### 2022-2023 оқу жылы

№34 негізгі орта мектебінің психологының жұмысы 2022-2023 оқу жылына жылдық жоспар құрумен басталды. Жылдық жоспар Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Білім туралы» Заңға, Бала құқығы туралы Конвенциясына сүйеніп құрылды. Жұмыс жоспарының қыркүйек айындағы жоспарына сәйкес сынып жетекшілер мен оқушылар тізімі жинақталып, алынған мәліметтер анықтамалық-ақпараттық журналына тіркелді. Мектеп оқушыларымен, сынып жетекшілермен танысу және әрбір сынып жетекші мен оқушының психологиялық ерекшелігін анықтау мақсатында сабақтарға қатысып, педагогикалық-психологиялық талдау жасалды. Қыркүйек айында «Отбасындағы зорлық – зомбылықтың алдын – алу» мақсатында ата – аналармен жиналыс өткізілді. Жиналыс барысында ата – аналарға ақпарат беріп, ата – аналар тарапынан түскен сұрақтарға жауап берілді. Жиналыста «Отбасындағы зорлық – зомбылықтың алдын – алу» атты тақырыбында дәріс оқылып бейнеролик көрсетілді. Кәмелет жасқа толмағандарға қатысты қатігездік пен зорлық – зомбылық мәселелерін алдын – алу мақсатында мектебімізге «Сенім телефон» нөмерін және «Сенім жәшігін» орналастырдық. Осы жөніндегі ақпарат мектептің инстаграм парқшасында жүктелген. 1 сыныптын дайындығын анықтау мақсатында Керен- Йирасек тесті өткізілді. Сауалнамаға 64 оқушы қатысты. 35 оқушы «жоғары», 16 оқушы «орташа», 14 оқушы «төмен» көрсеткіш көрсетті. Бастауыш сынып оқушыларының танымдық процестерін зерттеу мақсатында есту, қабылдау, зейін көлемдерін анықтауға әдістемелер жүргізіліп қорытынды шығарылды. 1 сынып оқушыларының Ойлау қабілеттері бойынша; 2 оқушы- «жоғары», 4 оқушы- «орташа» Есте сақтау қабілеттері бойынша; 8 оқушы – «жоғары», 3 оқушы- «орташа». 2 сынып бойынша барлығы 7 оқушы қатысты. Оқушылардың зейіннің тұрақтылығы 4 оқушы – «жоғары» 3 оқушы- «орташа». Есте сақтау бойынша 6 оқушы- «жоғары», 1 оқушы- «орташа», 1 оқушы – «төмен» 3 сынып бойынша барлығы 7 оқушы қатысты. Оқушылардың есте сақтау деңгейлері: 5 оқушы – «жоғары» 1 оқушы- «орташа», 1 оқушы- «төмен». Ойлау қабілеттері бойынша; 7 оқушы- «жоғары», 2 оқушы- «орташа», 1 оқушы- «төмен». 4 сынып бойынша барлығы 6 оқушы қатысты. Оқушылардың есте сақтау деңгейлері: 4 оқушы – «жоғары» 1 оқушы- «орташа», 1 оқушы- «төмен». Ойлау қабілеттері бойынша; 4 оқушы- «жоғары», 1 оқушы- «орташа», 1 оқушы- «төмен». 8 – 9 сынып оқушыларының арасында суицидке бейімділігін анықтау мақсатында сауалнама өткізілді. Сауалнамаға 11 оқушы қатысты. Сауалнаманың қортындысы бойынша оқушылар арасында суицидке бейімділік анықталған жоқ. Оқушылар арасында қазан айында «Буллинг. Жасөспірімдер арасында суицидке итермелейтін әрекеттің алдын алу» тақырыбында баяндама оқылды. 3-9 сыныптар аралығында Өзін - өзі бағалау деңгейінің диагностикасы: «Баспалдақ Т.Б. Марцинковская, «Мен қандаймын» О.С. Богданова. «Өзіңді өзің бағалауың қалай», И.Кеселева оқушылардың өзін - өзі бағалау деңгейін

анықтау мақатында әдістемелер жүргізілді. 6-9 сынып оқушыларының сұраныс бойынша қобалжу деңгейін анықтау мақсатында «Басса-Дарки» әдістемесі жүргізілді.

9- сынып оқушылары мен «Емтиханға дайындыққа өзін-өзі ұйымдастыруы» атты сауалнама жүргізілді. Барлығы 9 оқушы қатысты. Ата-аналар жиналысында 5 сыныптың бейімделуіне байланысты баяндама оқылып және 5 сыныптағы қиындықтар талқыланды. Сонымен қатар мектеп ішілік 9- сынып арасында қыздар жиналасында ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында «Ең алдымен қауіпсіздік» тақырыбында баяндама оқылды. Мектепшілік қобалжуды диагностикалау мақсатында 1-4 сынып оқушыларына «Кактус» әдістемесі жүргізілді. 8-9 сынып оқушыларына Зунге, Т.И. Балашов бейімдеген әдістемесі жүргізіліп оқушылар бойында агрессия қобалжу деңгейлернің төмендігі анықталды. Оқушылардың бойындағы қобалжудың қай түрі басым екендігін анықтау мақсатында «Мектепшілік қобалжуды диагностикалау: 5-6 сынып оқушыларының «Филипп бойынша Қобалжу» 22 сұрақ, 4 сынып оқушыларының сыныптарына «Сирс», 6-7 сыныпқа Ұжымдағы қарым-қатынасын анықтау мақсатында «Психологиялық климат» әдістемесі өткізілді. 7-9 сынып оқушыларымен СБА сауалнамасы жүргізіліп қорытындысы шығарылды. 8-9 сынып оқушыларына «Құқықбұзушылыққа бейімділігін, олардың ішімдікке, есірткіге, темекіге қатынасын анықтау мақсатында психологиялық-әлеуметтік сауалнамасы» атты сауалнама жүргізілді. Сабақтастық жоспары құрылып, 1,5 сынып оқушыларына бейімделуге байланысты «Тұлғаның бейімделуін бағалау» сауалнамалар мен әдістемелер, 5-9 сынып оқушылары арасында «Дж.Морено Социометрия» әдістемесі жүргізіліп, оқшау және лидер оқушылар анықталды. Сыныппен жұмыс жүргізілді. Ата-аналар жиналысында «Отбасы - тәрбие бастауы», «5- 6 жастағы баланың психологиялық ерекшелігі» және «Баланың оқу іс әрекетіне көмек» атты тақырыбында кеңестер беріліп, дөңгелек үстел өткізілді. 1 сынып оқушыларының ата-аналарына «Мектеп бала үшін жаңа өмір», «Бейімделу кезіндегі 5 сыныптағы қиындықтар» тақырыбында баяндама оқылды. Емтиханға дайындық кезіндегі 9 сынып оқушыларымен «Бәрінің бастауы махаббат» тақырыбына тренинг, 4 сыныппен «Сенімділік күш береді» тақырыбына тренинг, «Реніштен арылу», «Қарама-қайшылықтардың алдын алу түрлері», тақырыбына құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында тренинг жүргізілді. Қазан айында «Мен және менің дінге көзқарасым» сауалнамасы өткізіліп, 9-сынып оқушылары арасында қорытынды шығарылды. Сауалнама қорытындысы бойынша теріс дінге қатысты оқушылар анықталған жоқ. Мектептегі педагогикалық ұжымға психологиялық климатты бағалау мақсатында «Психологиялық климат» сауалнамасы жүргізіліп қорытындысы шығарылды. Сауалнамаға 10 педагог қатысты. 1 сыныптар арасында мектеп мотивациясының деңгейі анықталды. 9- сынып оқушыларымен «Стреспен қалай күресуге болады?» тренинг сабақ ұйымдастырылды. 8-9 сынып оқушыларына «Отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдыналуы» тақырыбында баяндама оқылды. Ата-аналар өз ойларымен бөлісіп, пікір алмасты. 7-8 сынып оқушыларына агрессивтілікті анықтауға Басса-Дарки әдістемесі анықталды. Оқушылардың бойында агрессивтілік мінез-құлық төмен екені анықталды. 5-9 сынып оқушылары арасында «Мұғалім оқушы көзімен» сауалнамасы орындалып қорытындысы шығарылды. Қорытынды бойынша

оқушылардың ұсыныстары ескеріліп, мұғалімдерге таныстырылды. 9-сынып оқушыларымен емтиханға психологиялық дайындық ретінде «Менің мамандығым, менің болашағым», «Сәттілік серік болсын» тренингі ойнатылып, «Мен және болашақ өмір, мамандық таңдау» тақырыбында кеңес беріліп, оқушылармен кері байланыс орнатылды. 9 сынып оқушылармен «Менің жетістіктерім» жүйкелік-психикалық стресті түсіру жолдарына тренингтер ойнатылды. Кері байланыс жасалды. Мектебіміздегі қабілетті оқушылар тізімі жасақталып, диагностикалық жұмыс жүргізілді. Кәмелетке толмағандарға жыныстық қолсұғушылыққа қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында «Қауіпсіз интернет» 1-9 сынып оқушыларына презентация көрсетілді. 8-9 сыныптар арасында мектеп психологі «Жыныстық қатынастар арқылы берілетін аурулар» тақырыбына баяндама оқыды, видеоролик көрсетілді. Тақырып бойынша мынандай мәселелер қаралды:

- Жыныстық жетілу кезеңінде ұл-қыздарға әсер ететін өзгерістер
- бой өсіп, салмақ қосылып, бұлшық еттер дамиды
- жыныс мүшелері өсіп, тұқым жаю қабілетіне ие болады
- дауыс жуандайды
- терідегі май бездер белсендірек істей бастағаны себепті бетке безеулер қаптап кетуі мүмкін
- тер бездері дамиды
- қолтық асты және қасаға түгі өсе бастайды
- көңіл-күй жиі-жиі өзгеріп тұруы мүмкін
- Қарсы жынысқа тартатын күшті сезіле бастайды

Жоғары сынып оқушыларына осындай мәліметтер беріліп, пікірлері тыңдалды. Құрама топ оқушыларына «Адам өміріне қатерлі заттар: нашақорлық, маскүнемдік, шылым шегу» тақырыбына бейнефилім көрсетілді. 9 сынып оқушыларына «Темперамент және мамандық» әдістемесі жүргізілді. **Сыныбы:9**

Әдістеме: **Темперамент және мамандық**

Мақсаты: Оқушылардың темпераменттеріне сай мамандықтарын анықтау  
Қорытынды: Барлығы 5 оқушы қатысты, оқушылардың темпераменттеріне сай мамандықтары анықталды. «Жасөспірімде арасындағы әлімжеттік жасау, бопсалау» туралы сауалнама жүргізілді. Қатысқандар:7-9 сынып 19-оқушы қатысты. Қорытынды бойынша, мектебімізде әлімжеттік, бопсалау жоқ. Оқушылар арасында достық, сыйластық, түсіністік орын алған. 1-4 сынып оқушыларымен «Маған ұқсайтын қуыршақ өмір сүріпті» тақырыбында тренинг ойнатылды. 9-сынып оқушыларына «Эмоцияны қалай басқаруға болады?» дәріс оқылып, тренинг ойнатылды.

7-8 сынып оқушылары арасында мектеп медбикесі Ж.И.Аринова бірлесе отырып ВИЧ-тің жұқтыру жолдарына баяндама оқылды.

Баяндамада:

1. СПИД пен ВИЧ-тің сипаттамасы
2. ВИЧ-тің жұғу жолдары
3. Вич қандай қарым-қатынастарда жұқпайды



#### 4. Қазіргі таңдағы ВИЧ-тің таралуы

Мектеп медбикесі Ж.Аринова Оқушыларға тазалық, жеке бас гигиенасы және Вичті жұқтырудың алдын алу шаралары туралы айтты 9 сынып оқушыларымен «Мен мамандық әлеміндемін» дөңгелек үстел өткізілді. 5 сынып оқушылары арасында қабілет деңгейлерін анықтау мақсатында диагностика жүргізіліп қорытындысы шығарылды.

**Мектеп оқушыларының құқықтарын қорғау және қиын кезде психологиялық көмек алу мақсатында «сенім жәшігі» мен «сенім телефоны» жұмыс жасады.** Сенім жәшігіне хаттар түспеді, Сенім телефонына қоңырау келіп түспегендігі анықталды.

Оқушыларға кеңес журналы, ата-аналарға кеңес журналдары жүргізілді. Оқу жылы бойынша 65 оқушы және 33 ата-ана психологиялық кеңеске жүгінді. Барлығына психопрофилактикалық түсіндіру жұмыстары жүргізіліп кеңес берілді. Биылғы оқу жылында Педагогикалық-психологиялық консилиум жұмысы жандандырылып, қыркүйек айында жоспар құрылған болатын. Психологиялық ағарту, психологиялық зерттеу , психологиялық тренинг т.б салалары бойынша жұмыстар атқарылды.

#### 2023-2024 оқу жылы

Жаңа оқу жылының басталуында сабақтарға еніп, мектепке дейінгі кезеңнен бастауышқа, бастауыштан орта буынға, орта буынан жоғары буынға өту кезеңдері бақыланды. Жас мамандармен кездесіп педагогикалық ұжымдағы психологиялық климат анықталды. Психологиялық қызмет жоспары психодиагностикалық, консультациялық, ағартушылық профилактикалық, түзету-дамытушылық, әлеуметтік –диспетчерлік бағытта жұмыстары жүргізілді. Жалпы ата-аналар жиналысында «Отбасындағы зорлық – зомбылықтың алдын – алу» мақсатында баяндама оқылып кеңестер берілді. Қыркүйек айында 1 сынып оқушыларының мектепке, оқуға дайындықтарын анықтау мақсатында «Керна-Ирасека» әдістемесі жүргізілді. Әдістеме қорытындысы бойынша сыныпта барлығы 7 оқушы, әдістемеге 6 оқушы қатысты. Қорытынды: сынып бойынша барлығы 7 оқушы қатысты. Оқушылардың мектепке дайындық деңгейлері: 5 оқушы – «жоғары», 1 оқушы- «орташа», 1 оқушы –«төмен». Ұсыныс: «Төмен» жинаған оқушыларды сынып жетекшісіне ескерліп, қосымша жұмыстанулар жүргізілу керек. Сабақтастық жоспары құрылып, 5-сынып оқушыларына бейімделуге байланысты «Тұлғаның бейімделуін бағалау» сауалнамалар өткізіліп, қорытындысы шығарылды. Бастауыш сынып оқушыларының танымдық процестерін зерттеу мақсатында есту, қабылдау, зейін көлемдерін анықтауға әдістемелер жүргізіліп қорытынды шығарылды. 1-3 сынып оқушыларының қорытындысы: сынып бойынша барлығы 21 оқушы қатысты. Оқушылардың мектепке дайындық деңгейлері: 12 оқушы –«жоғары», 7 оқушы- «орташа», 1 оқушы –«төмен» Ұсыныс: «Төмен» жинаған оқушыларды сынып жетекшісіне ескерліп, қосымша жұмыстанулар жүргізілу керек. Бұл ұсыныстар пән мұғалімдеріне ескертілді. Тұлғаның бейімделуін бағалау сауалнамасында 1-5 сынып оқушыларының бейімделуін бағалау мақсатында «П. Уиолсон Ағаштағы орныңыз қайсы?» тест жүргізіліп қорытындысы шығарылды. Педагогикалық ұжымдағы психологиялық климатты бағалау мақсатында

сауалнамасы жүргізілді. Сауалнамаға 8 педагог қатысты. 5-9 сынып оқушыларымен Дж.Моренаның социометрия әдістемесі жүргізілді. Сынып бойынша оқшау оқушылармен көшбасшы оқушылар анықталып, жұмыстар жүргізілді. Сынып жетекшісіне ұсыныс айтылды. 9- сынып оқушыларының шығармашылық ойлау деңгейін зерттеу мақсатында Джонс креативтілігі сұрақнамасы» сауалнама жүргізілді. 1 сынып оқушыларына мектепшілік қобалжуды анықтау мақсатында «Көңілді, көңілсіз» әдістемесі өткізілді. Әдістемеге 8 оқушы қатысты. Әдістеменің қорытындысы бойынша сыныптын қобалжу деңгейі төмен. 8-9 сынып оқушыларына СБА сауалнамасы жүргізіліп қорытындыланды. Сауалнамаға 11 оқушы қатысты. Сауалнама қорытындысы бойынша, жауаптың шынайлығы оқушыда орташа, 8 оқушыда жоғары болды. Күйзелістік жағдайға бейімділігі 2 оқушыда орташа, 2 оқушыда төмен көрсетті. Невротизациялық шкаласы бойынша барлығында төмен, тіл табысу және қарым- қатынасқа түсу шкаласы бойынша көпшілік оқушыда орташа және жоғары. Сыныпта күйзелісте жүрген және қарым-қатынасқа түсу төмен оқушылар анықталмады. Сауалнама қорытындысы бойынша, жауаптың шынайлығы 9 оқушыда орташа, 3 оқушыда жоғары болды. Невротизациялық шкаласы бойынша барлығында төмен, тіл табысу және қарым-қатынасқа түсу шкаласы бойынша көпшілік оқушыда орташа және жоғары. Сыныпта күйзелісте жүрген және қарымқатынасқа түсу төмен оқушылар анықталмады. 8-9 сынып оқушылары арасында Зунге әдістемесі жүргізілді. Яғни оқушы бойынан депресивті жағдайды анықтау мақсатында. Қорытынды: 11 оқушы қатысты. 11 оқушы 0-50 балл аралығында жинады яғни, диагностикалық жағдайлары депрессиясыз. Тәуекел тобына оқушылардың жоқ екені анықталған. Нәтижесі бойынша: 0-50 балл, диагностикалық жағдайы депрессиясыз. 4 сынып оқушыларымен «Сенімділік күш береді» тақырыбына тренинг ойнатылды. 5 сынып оқушыларына «Бірге тәрбиелейік», «Бейімделу кезіндегі 5-ші сыныптағы қиындықтар», «Мектеп бала үшін жана өмір» атты баяндамалар оқылды. Сынып жетекшілерге «Буллинг.Жасөсперімдер арасында суицидке итермелейтін әрекеттің алдын алу» тақырыбында баяндама оқылды. Жалпы ата-аналар жиналысында «Отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу» мақсатында баяндама оқылып, «Жасөспірімдердің жас ерекшеліктеріне сипаттама» беріліп психологиялық-педагогикалық ағарту жұмыстары жүргізілді. 9-сынып оқушыларына қабілеттілікке сипаттама бере отырып, оның неден көретінін, түрлерін «талант» ұғымын ере бастан дарынды болу жағдайларын қалыптастыру мақсатында «Талант» тақырыбына дәріс оқылды. 5 сынып оқушыларына «Сенімділік серігім» тақырыбында тренинг оздырылды. 7 сынып оқушыларына «Менің ішкі әлемімі» тақырыбына тренинг ойнатылды. 8 сынып оқушыларымен «Бәрінің бастауы махаббат» тақырыбында тренинг ойнатылды. 4 сынып оқушыларымен «Сенімділік күш береді» тақырыбында тренинг ойнатылды. 9 сыныппен «Емтихан алдында өзін-өзі ұстау қобалжуды қалыпқа келтіру жаттығулары орындалды. 7 сынып оқушылары арасына оқушылардың бойындағы қобалжуды анықтау мақсатында «Филипсь бойынша қобалжу» 22 сұрақ әдістемесі өткізіліп, қорытындыланды. 5-9 сынып оқушылары арасында тұлға аралық қарым-қатынасты зерттеу мақсатында «Социометрия Дж.Морено», 9 сынып оқушыларына «Сьюзен Деллингер» әдістемесі жүргізілді. «Филипсь бойынша қобалжу» 22 сұрақ әдістемесі өткізіліп, қорытындыланды. 5-9 сынып оқушылары арасында

тұлғааралық қарым-қатынасты зерттеу мақсатында «Социометрия Дж.Морено», 9 сынып оқушыларына «Сьюзен Деллингер» әдістемесі жүргізілді. Сыныптағы лидер оқушылар анықталып, жұмыстанылды. 7-9 сынып оқушыларымен ауыл инспекторымен кездесу өткізіліп, ауылдағы тәртіп, түнгі рейд туралы айтылып, оқушылардың пікірлері тыңдалды. 5 сынып ата-аналарына сабақтастық жоспары бойынша, оқушылардың бейімделу туралы және ата-ана тарапынан психологиялық көмек тақырыптары баяндалды. «Мен және менің дінге көзқарасым» тақырыбында 9-сынып оқушыларына сауалнама жүргізіліп, қорытындыланды.

Агрессивтілік деңгейін диагностикалауда 1,4-сыныптарға «Кактус», «Көңілді, көңілсіз» әдістемесі жүргізіліп, түзету-дамыту жұмыстары оздырылған. 3 сынып оқушыларының ата-аналарына «Сізбен бірге вундеркинд тұрады ма? сауалнамасы жүргізілді. Сауалнамаға 9 ата-ана қатысты. Қорытындысы шығарылып, әр сынып жетекшіге таныстырылған. Агрессивті әрекеттің алдын алу мақсатында R тобындағы оқушылармен «Менің өмірлік жолым» жеке кеңес жүргізілді. Жыныстық қолсұғушылықтың алдын алу мақсатында 1-9 сыныптарға «Жыныстық қол сұғушылыққа қарсы» жадынама таратылды. 9 сынып оқушыларымен «Емтиханға қалай дайындалу керек» тақырыптарына жадыннама таратылды. Жалпы ата-аналар жиналысында «Психологиялық денсаулық әліппесі» тақырыбында презентация көрсетіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. 8 сынып оқушыларына арасында «Психологиялық денсаулық дегеніміз не?», «Психологиялық – физиологиялық денсаулықтарын нығайту» мақсатында дәрістер оқылып, кеңестер берілді. Мектеп оқушыларының құқықтарын қорғау және қиын кезде психологиялық көмек алу мақсатында «сенім жәшігі» мен «сенім телефоны» жұмыс жасап келеді. Оқушылар мен ата-аналарға кеңес журналдары жүргізілді. 31 қазан күні «Психологиялық қолдау – жарқын өмірге жолдау» тақырыбындағы психологиялық кеңес беруге арналған ашық есік күні өткізілді. Ашық есік күнінде ата – аналар үшін педагогикалық – психологиялық ағарту ісін ұйымдастыру, мектеп пен ата – ана арасындағы байланысты нығайту арқылы сапалы білім беру жолдарын қарастыру мақсатында жүргізілді. Іс – шараға 33 ата-ана қатысты.

### **5.8 Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымының 2022-2023 оқу жылындағы атқарылған жұмыс есебі**

<https://krguo.edu.kz/loader/fromorg/418/8325>

Республикалық бірыңғай балалармен жасөспірімдер «Жас Қыран» ұйымында 22 оқушы. 11- ұл, 11- қыз бала. «Жас Ұлан» ұйымына мүше оқушылардың саны-35. 21- ұл, 14- қыз бала.

Биылғы оқу жылында мектеп Ұланбасы болып, 7-сынып оқушысы Жеңісұлы Әмір сайланды. Қыркүйекте ұйым мүшелерімен жиналыс өтіп, жылдық жоспар құрылды.

Мектебімізде тілдер күні мерекесіне орай «Тілім менің – тірлігімнің айғағы» тақырыбында сайыс өтті. Сайысқа екі топ қатысты. «Ән салып ,сурет салу» кезеңі бойынша бір топ тіл мерекесіне қатысты сурет салып, екінші топ ән салды. Екінші кезең «Сөздің көркі-мақал» сайысы бойынша мақалды жалғастыру. Үшінші кезең «Полоиглот» сөздерді орысша, ағылшында айту. Сайыста ерекше көзге түскен «Тіл-Тұмар» тобы I орын, «Сөз маржан» тобы II орын иеленді.

Қазақ қарты жасына лайық ауызы дуалы, сөзі берекелі, ісі тыңғылықты ойы терең ақылы телегей теңіз болып келеді. Міне осындай теңеуге лайық қарияларды жылына бір рет келетін 1 қазан Қарттар күнімен құттықтай отырып, **«Қарты бардың-қазынасы бар»** атты қарттарымызға арналған концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Мектеп директоры Н.А.Ныгманов қарттарды төл мерекелерімен құттықтады. Бірыңғай «Жас Қыран», «Жас Ұлан» ұйым мүшелері ата-әжелерге арнап өлеңдер оқып, әндер айтып, би биледі.

Ұстаздар күніне орай **«Ұлағатты-ұстаздар!»** атты концерттік бағдарлама «Ұстазым» әнімен ашылып, ұстазға арнау өлеңдерімен жалғасын тапты. Әсерлі ойындар ойнатылып, оқушылар ұстаздармен вальс биледі. Мектеп директоры Н.А.Ныгманов ұстаздар қауымын құттықтап, алғыс хатпен марапаттады. Ұланбасы Жеңісұлы Әмір концерттік бағдарламаның ұйымдастыруына ат салысып, қызықты ойындар ұйымдастырды.

**«Ұстазым, ұлағатым үлгі өнегем!»** атты 5-9 сынып оқушылары арасында «Жас Ұлан» ұйымының ұйымдастыруымен қабырға газет байқауы өтті. Ең үздік қабырға газеті атағын 7-сынып, I орынды 6-сынып, II орынды 5-8 сыныптар, III орынмен 9-сынып оқушылары марапатталды.

Оқушылардың дауыс беру көрсеткіші арқылы **«Шебер ұстаз-2022»** атағын дене тәрбиесі пән мұғалімі **Садвакасов Берніст Төлеуханович** иеленді. Концерт соңына қарай оқушылардың ұстаздарына арналған жүрек жарды ашық хаттары таратылды. «Дублер» күніне орай 30 қыркүйек күні мектеп парламентінің барлық көшбасшылары 2-7 сынып оқушыларына және ұстаздарға сабақ өткізді. Дублер күні қызықты әрі тартымды өтті.

«Жас қыран» ұйымы мүшелерінің арасында **«Күз-береке молшылық!»** атты көрме ұйымдастырылды. Көкөністерден әртүрлі пішінде заттар құрастырды.

**2022-2023 оқу жылында «Жас Ұлан» ұйымы және  
«Спорт және салауатты өмір салты фракциясы» «Денсаулық зор байлық»  
атты ұстаздар мен кіші қамту қызметкерлері арасында теннистен өткен  
жарыстың  
Хаттамасы**

р/с	1 сет		2 сет		3 сет
1	Тусупбекова Маржан	0	Садуакасова Ботакөз	1	Райымбекова Самал Әлжанова Бәтес
2	Садуакасова Ботакөз	1	Әлжанова Бәтес	0	
3	Әбдікәрім Төлеу	0	Искакова Майра	0	I орын: Райымбекова Самал II орын: Әлжанова Бәтес III орын: Искакова Майра
4	Әлжанова Бәтес	1	Райымбекова Самал	1	
5	Абдуалиева Асем	0	Садуакасова Ботакөз	0	
6	Искакова Майра	1	Искакова Майра	1	
7	Жунусова Назгүл	0		0	
8	Райымбекова Самал				

Мектебімізде Республика күніне орай 22 қазан күні **«Қыран елім-Қазақстаным!»** атты концерттік іс-шара ұйымдастырылды. Концерттік бағдарлама «Шалқыма» биімен ашылып, «Қазақстаным», «Көк тудың желбірегені», «Тәуелсіз қазақ

қызымын» әндерімен жалғасын тапты. «Отаным», «Қазақстаным» тақырыбында өлеңдер оқылды.

Мерекеге орай бірыңғай «Жас Қыран», «Жас Ұлан» ұйым қатарына оқушылар қабылданды. «Жас Қыран» ұйымына 7-оқушы, «Жас Ұлан» ұйымына 13 оқушы қабылданды.

Сыбайлас жемқорлық пен күресу бүгінгі күнгі Қазақстан үшін ең өзекті мәселеге айналып отыр. Кейінгі жылдың статистикасына сүйенсек Қазақстан жемқорлық рейтингінде 180 елдің ішінде 113-шы орынында орналасқан.

8-9 сынып оқушылары арасында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» тақырыбында дөңгелек стол өтті. Оқушыларға слайдтар көрсетіліп, сыбайлас жемқорлық пен күресу керек жолдарына тоқталып, оқушылар тақырыпқа сай постер қорғады.

5-9 сыныптар аралығында «Тәуелсіз елдің ұланымыз» тақырыбында ту ұстаушылар байқауы ұйымдастырылды. Бас Жүлдені 7-сынып, I орынды 8-сынып, II орынды 6-сынып, III орынды 5-сынып иеленді.

**«Спорт және салауатты өмір салты» фракциясының** ұйымдастыруымен 7-9 сынып оқушылар арасында мектеп медбикесімен «Сақтан ұрпақ АҚТҚ деген қатерден» атты кездесу өтті. АҚТҚ жайлы слайдтар, видеолар көрсетіліп, мағлұматтар берілді. Кездесуден алған мағлұматтарды қорытындылай отырып, «Қауіп дәрежесі» тестісін толтырды.

**«Жас Ұлан» ұйымының ұйымдастыруымен  
7-9 сынып ұлдар арасында теннистен өткен жарыстың  
Хаттамасы**

р/с	1 сет		2 сет		3 сет	
1	Жолжақсыұлы	2	Тілекұлы Нару	2	Эрністұлы Ақыл	1
2	Еркебұлан Манарұлы Әлинұр	0	Эрністұлы Ақыл	0	Айтбай Мансұр	2
3	Эрністұлы Ақыл	2	Жолжақсыұлы	2	Жолжақсыұлы	2
4	Жақсыбай Еділ	0	Еркебұлан Айтбай Жігер	1	Еркебұлан Тілекұлы Нару	1
5	Амангелді Нариман	0				
6	Айтбай Мансұр	2				

I орын. Жолжақсыұлы Еркебұлан

II орын. Тілекұлы Нару

III орын. Айтбай Мансұр

Тәуелсіздік-ең басты құндылығымыз. 31 жыл ішінде тәуелсіз қазақ елін қалыптастырып, нарықтың қиын өткелінен аман өтіп келеміз. Тәуелсіздік күні еліміздің барлық азаматтары үшін орны ерекше мереке.

Тәуелсіздік мерекесі жиынмен басталып, концерттік шараға ұласты.

Б. Исбаевтың «Қуан, қазақ, күн туды қуанатын!», Қ.Сарин «Тәуелсіз елдің ертеңі» өлеңдері оқылып, «Шашу», «Алаш», «Ерке сылқым» биімен жалғасып, «Татулықта күшіміз», «Қазақстаным», «Тәуелсіз елдің қызымын», «Туған жер» әндері шырқалды.

Тәуелсіздік мерекесіне орай бірыңғай «Жас Ұлан» ұйым мүшелерінің арасында «Ақпарат» фракциясы, «Құқық және тәртіп» фракцияларының ұйымдастыруымен «Тәуелсіздік-тұғырым» атты қабырға газет байқауы өтті. «Ең үздік қабырға газет» номинациясын 6-сынып, I орынды 8-сынып, II орынды 5-сынып, III орынды 7-9 сынып оқушылары иеленді.

Жаңа жыл қарсаңына орай мерекелік іс-шара өтті. Мерекеде түрлі әндер айтылып, биден шашу шашылды. Бірыңғай «Жас ұлан» ұйым мүшелері өнерлерін ортаға паш етіп, түрлі қызықты ойындар ойнатып, көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді.

«Ерлік саналы әскери тәрбиенің жемісі, өзінді саналы түрде қауіп-қатерге мәжбүр етуге бас тігуге мәжбүр етудің нәтижесі», -деп Бауыржан Момышұлы айтқандай бүгін Отан алдындағы борышын абыроймен атқарған, Ауған соғысына қатысқан барлық жауынгер ағаларымызға және өзіміздің жерлесіміз, Ауған соғысына қатысқан ержүрек ағамыз Жаңай Сейтжанұлымен кездесу өтті.

Ауған соғыс ардагерлері туралы бір сағат, екі сағат айтып тауысу мүмкін емес..... «Ауған соғысы он екіде бір гүлі ашылмаған боздақтардың қанымен жазылған тарих» деп біледі кейінгі жас буын өкілдері. Жылдар жылжып өткенімен ерлікпен қаза тапқан ержүрек жауынгерлеріміздің ерлігі ел есінде мәңгі сақталады. Бүгінгі кешіміздің қадірлі қонағы Жаңай Сейтжанұлы ағамызға мектеп ұжымы атынан «Ауған соғысының отты жылдарынан» әңгіме айтып, сұқбаттасып, ой бөліскеніңізге зор алғысымызды білдіреміз.

Мектеп медбикесі Ғалия Алдабергеновна «Жас Ұлан» ұйым мүшелерімен «Тосын жағдай» тақырыбында кездесу өткізді. Оқушыларға алғашқы дәрігерлік көмек көрсету туралы ақыл кеңес берді. Естен танып қалу, аяқ-қол саусақтарының сынуы, бастың қатты ауыруы, жүрекке сырттан массаж жасау т.б тосын жағдайға тап болған кезде алғашқы дәрігерлік көмек көрсету туралы мағлұмат берді.

«Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйым мүшелері арасында «Алтын қазына» сәндік қолданбалы қол өнері балалардың көрме байқауы өтті. Оқушылар өз қолдарынан жасаған бұйымдарды мектепке тарту етті. «Жас Ұлан» ұйым мүшелері Жақсыбай Тасболат I орын, Амангелді Ләйлім II орын, Таушкин Рустам III орын мен марапатталды.

«Жас Қыран» ұйым мүшелері Жолжақсықызы Саяна I орын, Төлеухан Ғибрат II орын, Сағынтай Ғалия III орын иеленді.

1-9 сынып аралығында «Наурыз жыл басы» атты наурыз мерекесіне арналған іс-шара өтті. Мектебіміздің директоры Н.А.Нығманов және қонақтар құттықтау сөз сөйледі. «Наурыз көктем», «Дастархан», «Үкілім-ай», «Құралай» әндері шырқалып, «Ағаш отырғызу», «Тұсаукесер», «Бесікке салу» атты салт-дәстүрлерден көрініс көрсетті.

1 наурыз алғыс айту күніне орай «Жас Ұлан» ұйымы және «Өзін-өзі басқару» ұйым мүшелері «Алғыс айту парызым» атты ұстаздар мен кішіқамту қызметкерлерін құттықтап, жүрек жарды ізгі тілектерін жолдады.

<https://www.facebook.com/100046042990028/videos/227033663016641/?mibextid=Nif5oz>

1-Мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні мерекесі қарсаңында «Ұлттар достығы» атты тәрбиелік шара өткізілді. Қазақстан түрлі ұлттардың басын қосқан ұлы мекен. Олардың салт-дәстүрлері, тілі мен мәдениеті жоғалмас үшін қолайлы жағдай жасалған. Қазақстан Республикасын мекен еткен 130 дан астам ұлт өкілі

күні бүгінге дейін ынтымақтастыққа, бір үйдің баласындай тату-тәтті жарасымды тіршілік кешіп келеді.

Халықаралық ынтымақ күні 1 - Мамыр мерекесімен мектебіміздің директоры Нұржан Амангелдіұлы ұстаздар мен оқушыларды құттықтап, концерттік бағдарлама мың бұралған бишілер мен жалғасын тапты. Әр ұлттың әні шырқалып, билерін билеп бағдарлама жалғасын тапты.

Ел халқына шат-шадыман күлкі мен тыныш өмір сыйлауда әскеріміздің атқарып жатқан қызметтері ұшан-теңіз. Армиямыздың айбынын асқақтататын сардарлар мен сарбаздарымызға қандай құрмет көрсетсек те жарасады. «Ер- елінің қорғаны» атты «Жас Ұлан» ,«Жас Қыран», «Өзін-өзі басқару» ұйымдарының ұландар күніне арнаған концерттік бағдарламасын тарту етті.

Алғашқы құттықтау сөз кезегі мектебіміздің директоры Ныгманов Нұржан Амангелдіұлына берілді. Ұйым мүшелеріде өздерінің ыстық лебіздерін, білдіріп, әннен шашу шашты. «Жас Қыран» ұйым мүшелері жүрек жарды өлең шумақтарын арнады.

«Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйым мүшелері «Бақытты балалық шақ» атты топ саяхатқа шықты. Ұланбасы, сынып жетекшілермен бірлесе отырып қызықты ойындар ойнатып, оқушыларға қуаныш сыйлады. Топ саяхат көңілді, қызықты өтті.

### **«Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымының 2023-2024 оқу жылындағы атқарылған жұмыс есебі**

Білім күні үлкен мереке екенін балаларға жеткізе білу, сезіне білуге деген құштарлығын арттыру, еліміздің білімді, тәрбиелі азаматын елжандылыққа тәрбиелеу.

Шуақты қыркүйек айының алғашқы күні барша оқушы қауым алтын ұя мектебіне қайта оралып, мектеп табылдырығын алғаш аттаған балдырғандармен бірге сыңғырлаған қоңырау үнімен табысып отыр.

Салтанатты жиын Қазақстан Республикасының гимнімен ашылды. Мектеп табалдырығын аттағалы отырған оқушыларымыз өлең шумақтарын тарту етті. Құрметті қонақтарымыз сөз сөйлеп, жылы лебіздерін білдірді. Мектеп директоры Нұржан Амангелдіұлы және мектебіміздің қарт ұстазы Дариға Жарқызы оқушыларға сәттілік, ұстаздарға шығармашылық табыс тіледі.

Алғашқы қоңырауды күмбірлете соғу рәсімі мектебімізден биыл түлеп ұшқалы отырған 9-сынып оқушысы Жақсыбай Нұрболсын және мектеп табалдырығын аттағалы отырған Төлеухан Биязыға берілді.

5-қыркүйек Қазақстан халықтарының тілдер күніне орай «Жас Ұлан» ұйымы «Туған тілім-бабам тілі-өз тілім» атты құттықтау челленджін жолдады.

Тіл туралы жазу, ол туралы айтудан қашпау да, жалықпау да керек. Себебі тіл бүкіл бір халықтың жүрегі. Оның бойында ұлттық болмыс, ұлттық рух, дәстүр мен салт жатыр. Сондықтан әр халық өз тілінде мақтанып қана қоймай, оны дамытып, жұмыс жасауы керек.

«Өзін-өзі басқару» ұйымының, Ақпарат фракция тьюторы Т.Ж.Әбдікәрім

«Тіл-кемел болашақ тұғыры» атты әдеби кеш өткізді. Кеште оқушыларымыз Ана тіліміздің қадір-қасиеті жайлы айтулы ақындарымыздың өлеңдерін жатқа оқып, Мұхтар Шахановтың «Рух пен тіл», «Анамның тілі», «Қазақ тілі» әндері орындалды.

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=863336625211096&id=100046042990028&mibextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=863336625211096&id=100046042990028&mibextid=Nif5oz)

**«Жас Ұлан», ұйымының «Отбасы күніне» орай ұйымдастырған жарыстың**

### Хаттамасы

**Мақсаты:** отбасы Отанның бір бөлшегі екендігін ұғындырып, ынтымақ пен бірлікке, татулық пен ұжымдыққа тәрбиелеу.

№	Топ атауы	Постер қорғау	Кім жылдам	Допты жоғар. беру	Доппен жүгіру	Секіргіш секіру	Арқан тартыс	Нысанаға тигізу	Ұпай саны
1	Шаңырақ	3	2	2	3	2	2	2	16
2	Ырыс	2	1	3	2	1	1	1	11
3	Татулық	1	3	1	1	3	3	3	15

1 қазан Қарттар күніне арналған «Қарттарым, аман-сау жүрші» атты «Жас Қыран» ұйым мүшелерінің қатысуымен концерттік бағдарлама өтті. Оқушылар ата-әжелерге арнап өлең жолдарын, «Ата-әже», «Әже», «Әжем айтқан ертегі», әндерін орындады. Мың бұралған биші қыздарымыз «Шашу», «Бәйшешек» билерін тарту етті. Мектеп директоры Н.А.Ныгманов қарттарды төл мерекелерімен құттықтады. Ләйлә апа, Күлкен апа, Рымкеш апалар ұстаздар мен оқушыларға жүрек жарды тілектерін білдіріп, Бекеш ата бата берді.

«Жас Ұлан» ұйым мүшелері ұлағатты ұстаздар мерекесіне орай «Ұстазым, менің Ұстазым» тақырыбында жүрек жарды құттықтау челленджін жолдады.

Баршамыздың сауатымызды ашып, білім нәрімен сусындатып, өмірге қанат қақтырған ұлағатты ұстаздардың төл мерекесі. Ұстаздар күніне орай «Өмірі толы өнеге» атты мерекелік іс-шара өтті. Оқушылар ұстаздарына құрмет көрсетіп, ән мен жырдан шашу шашты. Дәстүр бойынша биылғы Жыл мұғалімі «Ұлағатты ұстаз» номинациясымен Бегжанова Гүлнаш Советқызы марапатталды. Оқушылар ұстаздарына арнап жасаған құттықтау ашық хаттарды таратты.

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=880487966829295&mibextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=880487966829295&mibextid=Nif5oz)

5 қазан ұстаздар мерекесіне орай «Дублер» күні ұйымдастырылып, мектебіміздің «Өзін-өзі басқару» ұйымы мүшелерінен сайланған дублерлар сабақ берді. Ұйым белсенділері ұстаздарды төл мерекелерімен құттықтап, ізгі тілектері жазылған жүрекшелерді тарту етті. «Ұлағатты ұстаз» тақырыбына сай 10-сынып оқушылары



болып, сабаққа қатысқан ұстаздар ұстаздар күніне арналған құттықтау газет шығарды. Сабақ өте қызықты өтіп, ұстаздар оқушы кездеріне бір саяхат жасап оралды.

«Күз-береке, күз-мереке» тақырыбына «Жас Қыран» ұйым мүшелері сурет көрмесі және көкөністерден мүсіндер жасап, өз шеберліктерін көрсетті. Күз тақырыбында суреттер салды. Тақырыпқа сай сурет салып, көзге түскен Қапият Шапағат I орын, Жолжақсықызы Саяна II орын, Сағынтай Ғалия III орын иеленді. Сурет салып, белсенділік танытқан оқушылар алғыс хат пен марапатталды.

«Жас Ұлан» ұйым мүшелері «Күз-береке молшылық» тақырыбында жәрмеңке ұйымдастырды. Қолдан әр-түрлі үй тағамдарын пісіріп әкеліп, оқушылар мен ұстаздарға ұсынды.

Республика күніне орай «Ұланымыз-ұлы елдің!» тақырыбында 5-9 сыныптар арасылығында ту ұстаушылар байқауы ұйымдастырылды. I орынды 6-сынып, II орынды 8-сынып, III орынды 7-сынып оқушылары иеленді.

Республика күніне орай «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымына салтанатты жиында оқушылар ұйым қатарына қосылды. «Жас Қыранға» 6-оқушы, «Жас Ұланға» 6-оқушы қабылданды. «Жас Ұлан» ұйымының антын айту құрметі Сағынтай Шұғылаға берілді. Мектеп директоры Нұржан Амангелдіұлы ұйым қатарына кірген оқушыларға жылы лебізін білдіріп, құттықтауын жеткізді. Туымыз түстес көгілдір галстук тағу рәсімі ұстаздар мен ұйым белсенділеріне берілді.

Республика күніне орай «Қыран елім Қазақстаным» тақырыбында салтанатты жиын өткізілді. ДТІЖО: М.К.Искакова Республика күніне орай баяндама оқып, мемлекет жетістіктеріне тоқталып өтті. Мектеп директоры Нұржан Амангелдіұлы мектеп ұжымын, оқушыларды мереке мен құттықтады.«Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйым мүшелері Республика күніне арнап, өлең жолдарын тарту етіп, патриоттық әндер шырқады.

«Жас Ұлан» ұйымы медбике Гүлнар Рымғалиқызымен «ЖҚТБ індетіне қарсымыз!» атты дөңгелек стол өткізді. Оқушылар берілген мәліметтерге байланысты постер қорғап, өз ойларын ортаға салды.

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=701162794761814&id=100046042990028&mibextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=701162794761814&id=100046042990028&mibextid=Nif5oz)

Тәуелсіздік алған елдің ең бірінші айрықша белгісі – ұлттық валюта. Оның өз Ата Заңы, мемлекеттік рәміздері, ұлттық валютасы бар . Ол – Қазақстан Республикасы көлемінде пайдаланылатын заңды төлем құралы. Биыл төл теңгемізге отыз жыл толып отыр. «Жас Ұлан» ұйым мүшелерімен бірге «Ұлттық валюта-төл теңге» тақырыбында 5-6 сынып оқушылары мен кездесу өткізді. Оқушыларға төл теңгенің шығу тарихы жайында видеоролик көрсетіп, топпен жұмыс жүргізді.

<https://m.facebook.com/story.php?storyfbid=914097853382246&id=100043461193399&id=&mibextid=Nif5oz>

«Жас Ұлан» ұйымының ұйымдастыруымен «Зорлық зомбылыққа жол жоқ» тақырыбында дебат өткізілді. Осындай өзекті мәселені ортаға салып, талқылауға ұсынған дебат фракция тьюторы Әбдікәрім Төлеу Жақсыбергенқызы.

Осы орайда қатысушылар бір-бірімен пікір таластырып, ой алмасты. Бірі өмірде немесе отбасыда кездесетін жағдайды зорлық –зомбылыққа жатпайды десе, ал өзге тарап бұл пікірді жоққа шығарды.

Қорытындылай келе, қоғам үшін ең басты-тәуелсіздік, адам үшін бас бостандығы және уайым қайғысыз өмір.

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=915315049927193&id=100043461193399&mibextid=Nif5oz](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=915315049927193&id=100043461193399&mibextid=Nif5oz)

16 желтоқсан тәуелсіздік мерекесіне орай 5-9 сыныптар аралығында қабырға газет байқауы өтті. Бас жүлдені 7-сынып, I орынды 8-сынып, II орынды 5-сынып, III орынды 6-сынып оқушылары иеленді.

«Жас Ұлан» ұйым мүшелерімен учаскелік полиция инспекторы майор Казбеков Мейрам Казбековичпен бірлескен «Құқық бұзушылықтың алдын алу» бойынша іс-шара өтті. Оқушылардың құқықтық сауаттылықтарын арттырып, құқық бұзушылық және қылмыс белгілерімен, түрлерімен таныстырып, жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттерімен таныстырды.

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=921620352716056&id=100046042990028&mibextid=UyТНКb](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=921620352716056&id=100046042990028&mibextid=UyТНКb)

Жаңа жыл қарсанына орай «Қош келдің Жаңа жыл!» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Ұйым белсенділері, сынып жетекшілер көрермендерге мерекелік көңіл күй сыйлады. Кеште ойындар ойналып, әндер айтылып, билер биленді. Мерекелік іс-шара жоғары деңгейде өтті.

<https://www.facebook.com/100046042990028/posts/931751805036244/?mibextid=UyТНkb>

«Әке жолы-ізгі жол» Әкелер айлығын өткізу қарсаңында 6-сынып әкелерімен ұлттық ойындар сайысы өткізілді. Сайыс бес кезеңнен тұрды. Жаяу тартыс, қол күрес, асық ату, иық тірестіру, арқан тартыс.

Сайысқа 4 әке мен 4 бала жұбы қатысып, екі топқа бөлінді. Сайыс өте қызықты, әрі тартысты өтті. Сайыс нәтижесі бойынша барлық кезеңнің қорытындыларымен «Тұлпар» тобы жеңіске жетті.

«ДосболLike» акциясы аясында көңілді үзіліс ұйымдастырылды. Оқушыларға жақсы көңіл-күй сыйлап, әрқашанда достық қарым-қатынаста болу барлығымыз үшін маңызды екені түсіндірілді.

<https://www.facebook.com/share/v/ZEfuwXZVyT62azRu/?mibextid=xfxF2i>

«ДосболLike» акциясы аясында «Жас Ұлан» ұйым мүшелері мектеп ауласын қардан тазалау жұмыстарын жүргізді. Оқушылар өзара көмек қолын созып, ынтымақтастық пен қолдауға дайын екендіктерін көрсете білді.

**<https://www.facebook.com/share/p/tL8GDie4JPqTmoK/?mibextid=oFDknk>**

1-наурыз Ағыс айту күні құтты болсын! Бұл көктемгі ең алғашқы күнінде Сарыобалы ауылының №34 негізгі орта мектеп ұжымына амандық пен саулық тілей отырып, парламамент мүшелері шын көңілмен ризашылық пен алғыс айтамыз. Еңбектеріңіз бағаланып, биіктерден көріне беріңіздер!

**<https://www.facebook.com/share/v/eVn168KSMXDMUBst/?mibextid=oFDknk>**

«Дені саудың-жаны сау» апталығында «Жас Ұлан» ұйым мүшелерінің ұйымдастыруымен мектеп ұстаздарымен кішіқамту қызметкерлері арасында шаңғыдан жарыс және үш топқа бөлініс эстафеталық жарыс болды.

Жарыста бірінші орынды қазақ тілі мен әдебиет пән мұғалімі Т.Ж.Әбдікәрім, екінші орынды шаруашылық орынбасары Б.Ж.Альжанова, үшінші орынды бастауыш сынып мұғалімі С.Т.Ахмет иеленді. Эстафеталық жарыста I орынды «Достық», II орынды «Сұңқар», III орынды «Тұлпар» тобы иеленді.

**<https://www.facebook.com/share/v/vHSsR9923HehPcNf/?mibextid=oFDknk>**

Елімізде 1-наурыз Алығас айту күні болып, 2016 жылдан бастап атап өтілуде. Қазақстан халқы ассамблеясының құрылған күні 1-наурызда елімізде алғыс айту күні деп жарияланды. Алғыс айту күні қайырымдылық дәстүрлерін, әлеуметтік ынтымақты және өзара көмек көрсетуді қолдау күні. Алғыс айту күні-бірлікпен татулық мерекесі, қилы тарихты басынан кешірген Қазақстан халқының бір-біріне деген ілтипатын білдіретін күн, бауырмалдық пен сыйластық күні. Осы орайда мектеп парламент мүшелері «Алғысым шексіз» тақырыбында құттықтау челленжін жолдады.

**<https://www.facebook.com/share/v/EDMq4gvmH1QhJM3A/?mibextid=oFDknk>**

«Ұлттық сезім» жобасы ұлттық киімнің сән-салтанатын көрсету, насихаттауға, ұлттық бірлікті нығайтуға бағытталған челленджді «Жас Ұлан» ұйымы қолдайды.

**<https://www.facebook.com/share/p/6GMzibzxxY8Lbacq/?mibextid=2JQ9oc>**

Жаңару мен жаңғырудың, татулықтың мерекесіне орай Сарыобалы ауылының №34 негізгі орта мектебінде қайырымдылық жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Жәрмеңкеге 5-9 сынып оқушылары қатысты. Оқушылар жәрмеңкеге ұлттық тағамдар мен тәтті-дәмділер мен сусындар әкелді. Жәрмеңкеден түскен қаражатты мектеп кітапханасына жаңа оқулықтар алуға жұмсады.

**<https://www.facebook.com/share/p/VNxeQot43CCW1j3V/?mibextid=oFDknk>**

«Наурыз көже-қанаққа ең жақсы ас» атты «Жас Ұлан» ұйым мүшелері ұлттық тағам Наурыз көженің жасалу жолдарын көрсете отырып, дайындады. Наурыз көже-

Ұлыстың ұлы күні жасалатын тағам. Қазақ халқының ұғымында жеті саны қасиетті саналғандықтан, наурыз көжеге жеті түрлі дәс қосылады. Бұл молшылықтың құт-берекенің жоралғысы саналады.

<https://www.facebook.com/share/v/dfd9SWb2CvX9vz27/?mibextid=oFDknk>

«Жас Қыран» ұйымы оқушылары және сынып жетекшісі Самал Сағатқызы ұлттық нақышта жасалған сыйлықтарды бір-біріне сыйлау мақсатында «Балаларға базарлық» акциясына қатысты. Оқушылар бір-бірлеріне жылы тілектерін білдіріп, сыйлықтарын тарту етті.

<https://www.facebook.com/share/p/xWS46QH38Dex8Kuf/?mibextid=oFDknk>

Наурыз мерекесіне орай «Нұр Наурыз-халық тойы» атты үлкен мерекелік іс-шара өтті. Ән мен биден шашу шашылып, көріністер, салт-дәстүрлер, ұлттық ойындар ойнатылып және сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен, балаларға ұлттық дорбаға салынған тәтті дәмділерін, ұлттық тағамдарын алып тарасты.

<https://www.facebook.com/share/v/dfd9SWb2CvX9vz27/?mibextid=oFDknk>

Сәуір айында «Жас Ұлан» ұйымының ұйымдастыруымен 8-9 сыныптар арасында «Қазақстанның жастары қаншалықты патриот?» деген қарармен пікірсайыс турнирі өтті. Пікірсайысқа «Алау» және «Алға» топтары қатысты. Дебат өте тартысты, әрі қызықты өтті. «Жеті атасын білмеген-жетесіз» деген мақалды мысалға келтіре отырып, бірін-бірі сүріндіруге тырысты. Екі топ өз позицияларын қатаң ұстанып, қызықты дәлелдер келтіре білді. Нақты дәлелдерімен, сөз саптауларымен ерекше көрінген «Алау» тобы жеңімпаз болды.

<https://www.facebook.com/share/v/dfd9SWb2CvX9vz27/?mibextid=oFDknk>

«Жас Қыран» ұйым мүшелерімен 12 сәуір мектеп кітапханашысы Гульназ Бейсембаевна Ғарышкерлер күніне орай кітап көрмесін ұйымдастырып, «Жас Қыран» ұйым мүшесіне ғарыш туралы мағлұмат берді. Жас қырандықтарды ғарыш әлемімен таныстырып, қазақтың үш ғарышкері –Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев, Айдын Айымбетовтың ғарыш айлағында неше тәулік, қанша сағат, мунит болғандығы жайлы қызықты мәліметтермен бөлісті. Кітапханашы апайдың әңгімесін мұқият тыңдап қана қоймай, оқушылар сұрақтарға жауап берді.

<https://www.facebook.com/share/p/bmTaMdu9j4DNbzjH/?mibextid=oFDknk>

Сәуірдің жиырма алтысы күні кітапханашысы Г.Б.Жумашева және «Жас Ұлан» ұйым мүшелерімен кітап апталығы аясында «Кітап-білім бұлағы» атты сайыс өтті. Сайысқа «Білгірлер» және «Оқымыстылар» топтары қатысты. Сайыс үш кезеңнен тұрды. «Әдеби джем» кезеңі бойынша ақын өлеңдерін құрастырды. «Оқулықтар сыр шертеді» кезеңі бойынша Сайын Мұратбековтың «Жабайы алма» шығармасын талқылап, сұрақтарға жауап берді. «Пайдалы көкөністер» кезеңі бойынша жұмбақтар шешіп, салаттар жасады.

<https://www.facebook.com/share/p/NCXQWkAyV36NoSJh/?mibextid=oFDknk>

Мамырдың алтысы күні «Жас Ұлан» ұлан ұйым мүшелері биология пән мұғалімі А.Б.Абдуалиеваның жетекшілігімен ұйым мүшелері «Менің ағашым» акциясы аясында мектеп ауласына ағаш отырғызу жұмыстарын жүргізді.

Халқымызда «Атадан мал қалғанша, тал қалсын», «Бағбан болсаң, бақ өсір, балама деп тағы өсір!» деген аталы сөз бар. Ағаш отырғызу қашанда сауабы мол шара. Себебі, тал егу арқылы айналаны жасыл желекке бөлесек, екінші жағынан экологиялық жағдай жақсара түсетіні анық.

<https://www.facebook.com/share/p/7rmqUaChzRhX4Pja/?mibextid=oFDknk>

Мектеп кітапханасында кітапханашы Жумашева Гулназ Бейсембайқызының ұйымдастыруымен 9-мамыр Жеңіс күніне орай «Жас Ұлан» ұйым мүшелерімен «Қасірет шегіп, қан кешіп Жеңіске жеткен күн еді» атты ерлік сағатын өткізді. Сонымен қатар ауылымыздың соғысқа қатысқан ардагерлері жөнінде мағлұмат беріп, қастерлеп өнеге тұту.

<https://www.facebook.com/share/p/tTRkG2ypHrHErX4G/?mibextid=oFDknk>

## **6. Оқу-материалдық активтер.**

**Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшем шарттар:**

**Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін сақтау.**

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін мектептің білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары сақталады: оларға сәйкестікті растайтын барлық құрылтай құжаттары бар. Бұл мектептің жарғысы, жеке тұлғаны қайта тіркеу туралы анықтама, Білім беру қызметі құқығына лицензия және оған қосымша, санитарлық ережелерге сәйкес білім алушыларды буфеттік тамақпен қамтамасыз ету шарты, ішкі тәртіп ережелері, мектептің техникалық паспорты.

"№34 негізгі орта мектебі" КММ-де материалдық-техникалық база және техникалық жарақтандыру білім беру процесін ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Әрбір мектеп үй-жайы қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігі ережелеріне сәйкес жабдықталған. Өрт сөндіру құралдары бар (өрт сөндіргіштер бар, өрт қалқаны жабдықталған). Өңдеуге қойылатын санитарлық-гигиеналық талаптар қатаң сақталады.

**6.1 Ғимарат туралы мәлімет (ғимарат типі, салынған жыл, жобалық қуаты, күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарға қажеттілік және т.б.).**

Мектеп ғимараты типтік. Салынған жылы -1991ж. Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Сарыобалы ауылы, Құрылыс көшесі 41 мекенжайында орналасқан. Жалпы ауданы – 426,03 ш. м. жобалық қуаты-60 оқушы. Ғимараттың жағдайы қанағаттанарлық. 2021 жылы ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді, оған жөндеу жұмыстарының келесі түрлері кірді (жартылай терезе ауыстыру, линолеумды ауыстыру, мектеп ішіндегі әжетхана ).

**6.2 Білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін меншікті шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығына тиесілі материалдық активтердің болуы немесе қолданылу мерзімі кемінде 10 жыл материалдық активтерді жалға алу туралы мәліметтер (кабинеттер, лекциялық аудиториялар, практикалық дәрістерге арналған үй-жайлар, зертханалар, нақты біліктіліктер, мамандықтар бойынша шеберханалар, акт және дене шынықтыру залдары, әлеуметтік-тұрмыстық және өзге мақсаттағы (өткізу пункттері, санитарлық тораптар (унитаз, жуынатын раковиналар), білім беру ұйымының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы, тұру үшін жағдайлардың болуы).**

Мектептің өзіндік материалдық активтері бар: 5 оқу кабинеті, икемделген спорт залы,биология кабинеті жабдықтарымен берілген, Әжетхана (2 раковина 2 кабина (ұлдарға, қыздарға) 8 бейнебақылау камерасы бар, оның ішінде сыртқы - 5 және ішкі -3 .

Мектепте келесі оқу кабинеттері жабдықталған:

бастауыш сынып кабинеті 2

биология кабинеті 1 (ПИК орнатылған)

компьютерлік кабинет, 1 (12 ноутбукпен және9 компьютер, интерактивті тақтамен жабдықталған)

Бастауыш кабинеті 2 (ПИК орнатылған)

қазақ тілі мен әдебиеті,тарих кабинеті 1 (ПИК орнатылған)

Барлық оқу кабинеттері мұғалімнің жұмыс орнымен және білім алушыларға арналған орындармен жабдықталған. Қажетті жиһаз бар, бірақ жаңартуды қажет етеді.

Мектепте ішкі және сыртқы бейнебақылау орнатылған.

**6.3 Білім алушыларға медициналық қызмет көрсету туралы мәліметтер.**

Білім беру ұйымында ауданы 16.1 ш.м. медициналық кабинет бар. медициналық қызмет көрсетудің мақсаты – оқушылардың денсаулық жағдайына бақылау жүргізу және алғашқы медициналық-санитарлық көмекті уақтылы көрсету. Мектепте медициналық қызмет көрсетуді мейірбике Ж.И.Аринова жүзеге асырады. Жыл сайын медициналық тексерулер жүргізіледі, оларды Қарқаралы аудандық ауруханасы мамандарының бригадасы жүзеге асырады.Мектепте медициналық тексеруді мектептегі медициналық қызметкер жүргізеді. Ол әрбір оқушының денсаулығы туралы бастапқы деректерді алады және әрі қарай жұмыс жүргізеді.

Медициналық пунктте жаратқандыру бойынша: жазу үстелі, күндізгі төсек (кушетка), кеңсе және медициналық шкаф, тоназытқыш, вакциналарды тасымалдауға арналған қорапша, тонометр, үстел шамы, медициналық термометрлер, қайшы, бір рет қолданылатын - 2,0; 5,0; 10,0; 20,0 шприцтер, резеңкелі жылыту төсемі, бүйрек тәрізді науа, бір рет қолданылатын шпательдер, аяқ-қолды иммобилизациялауға арналған шиналар, үлкен және кіші бикс, резеңкелі турникет, мұзға арналған ыдыс, кілемше, сантиметрлік таспа, көру өткірлігін анықтауға арналған кесте, жуып жинауға арналған қаралау түсті халат, бір реттік бетперделер, дезинфекциялық ерітінді үшін контейнерлер. Медициналық құжаттама санитарлық ережелерге сәйкес жүргізіледі.

Күнделікті медицина қызметкері оқушыларды таңертеңгі сүзгіде тексереді. Қажет болған жағдайда сабақтан шеттетіледі, сауығу кезінде балаға жергілікті амбулаторияда анықтама беріледі.

Сондай-ақ, мектептің медицина қызметкері оқушылармен де, мектеп ұжымымен де ағарту жұмыстарын жүргізеді.

Медицина қызметкерінің міндеттеріне күнделікті буфеттік тамақтануды бақылау кіреді.

#### **6.5 edu.kz аймақта үшінші деңгейдегі домендік атаудың болуы туралы мәліметтер.**

Аймақта үшінші деңгейлі домендік атау бар edu.kz:  
<https://krguo.edu.kz/index/fromorg/418>

#### **6.6 Жеке пайдалануға арналған жабдықталған шкафтардың болуы туралы мәліметтер**

Оқушылардың жеке пайдалануына арналған жабдықталған шкафтар бар. Бірақ ескірген. Жаңартуға өтінім білім бөліміне берілді.

#### **6.7 Білім беру ұйымдарының жабдықтарымен және жиһаздарымен, оқу-зертханалық жабдықтармен және техникалық оқыту құралдарымен жаратқандырылуы туралы мәліметтер**

Мектепте жиһаз бар (жаңа емес). Компьютерлік кабинет бар.

Биология, информатика кабинеттерінде жабдық бар. Жалпы мектепте: 6 ноутбук, 6 нетбук, 12 компьютер, 1 моноблок, 2 ПИКЗ-интерактивті тақта бар.

#### **6.8 Білім алушылар үшін тамақтану объектісінің болуы туралы мәліметтер.**

Мектепте оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз етуге мүмкіншілік жоқ. Мектептің тарлығына байланысты 1-4 сынып оқушылары буфеттік тамақ ішеді. Сатып алуға қосымша буфеттік тамақтар да дайындалады. Мектеп ұстаздары және мектеп әкімшілігі күнделікті кезекшілік атқарады.

Мектепте жұмыс жасап отырған буфет санитарлық талаптарға сай. Технологиялық құралдармен, тамақ пісіретін қажетті электр плиталары, тоназытқыштар, камералар, кесу үстелдері, ыдыс – аяқтармен жабдықталған. Асхананың материалдық – техникалық базасы орташа деңгейде. Қойма бөлмесі, мұздатқыш жұмыс жасап тұр. Арнайы тамақ пісіру, ыдыс жуатын бөлмелері бар. Экологиялық таза ауыз сумен қамтылған.

#### **6.9. Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор**

2023-2024 оқу жылы-3752 дана  
2024-2025 оқу жылы 3933 дана

## **6.10 Интернет желісіне қосылған компьютерлердің (шағын жинақты мектептерді қоспағанда) компьютерлік сыныптарының болуы туралы мәліметтер**

Компьютерлік сынып бар. 16 ноутбук пен 1 ДК интернет желісіне қосылған.

## **7. Білім алушылардың білімін бағалау**

9- сыныптарды қорытынды аттестаттау білім алушылардың жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көзделген оқу пәндерін меңгеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізіледі. Мектеп базасында мектеп 2022-2023 оқу жылы денсаулық жағдайымен немесе басқа себептер бойынша емтиханнан босатылғандар жоқ және 2023-2024 оқу жылында да ешкім денсаулығына немесе басқа себептер бойынша емтихан тапсырудан босатылмады. Өткен екі жылда емтихандарда барлығы оң бағалар алды, үлгермегендер және қорытынды емтихандарға келмегендер жоқ.

бітіру емтихандарын тапсырудың белгіленген кестесі бойынша өткізіледі.

*(Негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейінде оқу курсы үшін емтихан хаттамасы қоса берілді)*

2022-2023 оқу жылы 9-сынып

<https://krguo.edu.kz/loader/fromorg/418/8290>

2023-2024 оқу жылы 9-сынып

<https://krguo.edu.kz/loader/fromorg/418/8290>

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру және формативті және жиынтық бағалау талаптарын сақтау.

"Білім алушылардың білімін бағалау критерийлерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығына сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13137 болып тіркелген) мектепте критериялды бағалау іске асырылады.

Осы білім алушылардың білімін бағалау критерийлері (бұдан әрі - критерийлер) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 21-3) тармақшасына сәйкес әзірленді, олар меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан бастауыш, негізгі және жалпыорта білім беру ұйымдарында білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды айқындайды.

Формативті бағалау - білім алушылардың сабақта, үйде білімін



игерудің және дағдыларын қалыптастырудың ағымдағы деңгейін айқындайтын, білім алу барысында білім алушы мен мұғалім арасындағы жедел өзара байланысты жүзеге асыратын, білім алушыларға жаңа материалды зерделеу кезеңінде тапсырмаларды қаншалықты дұрыс орындайтынын және оқыту мақсаттарына қол жеткізетінін түсінуге мүмкіндік беретін бағалау;

Жиынтық бағалау - оқу тоқсанының соңында оқу бағдарламасының бөлімдерін зерделеу аяқталғаннан кейін білім алушылардың білімін игеру деңгейін және дағдыларының қалыптасқанын айқындайтын бағалау;

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау білім алушылардың білімін бағалау критерийлерін қолдану арқылы жүзеге асырылады. Бағалау критерийлері білім алушылардың оқу жетістіктерінің деңгейін өлшеу үшін қолданылады. Бағалау критерийлері әрбір оқу бағдарламасындағы оқыту мақсаттарына сәйкес әзерленеді. Оқу жетістіктерің бағалау формативті және жиынтық бағалау формасында жүзеге асырылады.

Формативті бағалау – сыныпта күнделікті жұмыс барысында жүргізілетін бағалау түрі, білім алушылар үлгерімінің ағымдағы көрсеткіші болып табылады, оқыту барысында білім алушылар мен мұғалімдер арасындағы жедел өзара байланысты, оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және білім беру процессін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Қазақстанда, әлемнің көптеген елдеріндегідей, инклюзивті білім беру білім беру жүйесін дамытудың маңызды бағыты болып табылады, өйткені дамыған халықаралық қоғамдастықта инклюзивті білім беру әрбір адамның білім алу құқығын іске асыру құралы ретінде танылған. Біздің елімізде аталмыш ұстанымды қолдайды. Мұны әрбір баланың сапалы білімге тең қолжетімділігін қамтамасыз етудің білім беру саласын дамытудағы басты міндет болып есептелетіндігі айғақтай түседі. Инклюзивті білім берудің басты аспектілері болып бірі болып есептелетін инклюзивті саясаттың соңғы жылдары елімізде қарқынды түрде дамып келе жатқандығын байқауымызға болады. Біздің мектебімізде ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушы жоқ.

### **Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар**

ББ Үлгілік оқу бағдарламаларымен және МЖМБС талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндері) бойынша білім алушылардың даярлық деңгейі.

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау - бұл білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көзделген білім алушылардың негізгі орта және жалпы орта оқу пәндерінің көлемін меңгеру дәрежесін айқындау үшін жүргізілетін рәсім. Өткізу формасы: мектеп бітіру емтихандары.

«№34 негізгі орта мектебі» КММ білім алушыларын қорытынды аттестаттау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» 2021 жылғы 28 сәуірдегі № 189 бұйрығына, «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы

бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес өткізіледі.

Оқушылардың қорытынды аттестаттауға дайындығынан келесі компоненттер шығады:

- ақпараттық дайындық (қорытынды аттестаттауды дайындау және өткізу туралы ақпаратты толық көлемде меңгеру);

- пәндік дайындық (белгілі бір пән бойынша дайындық, әр түрлі қиындық деңгейіндегі тест тапсырмаларын шеше білу);

- психологиялық дайындық (белгілі бір мінез-құлыққа дайындық күйі немесе ішкі көңіл-күйі, мақсатты әрекеттерге бағдарлану, дайындық процесінде және емтихан тапсыру жағдайында сәтті әрекет ету үшін жеке тұлғаның мүмкіндіктерін өзектендіру және бейімдеу). Қорытынды аттестаттау емтихандарының 2 жылдағы хаттамалары қоса беріледі.

### Қорытынды аттестаттаудың нәтижелері

2022-2023 оқу жылы

(9-шы сыныптар)

Сыныбы	Қазақ тілі (%)		Алгебра (%)		Орыс тілі мен әдебиеті (%)		Пән таңдау еркі	
	Үлге рімі	Сапа сы	Үлге рімі	Сапа сы	Үлгер імі	Сапасы	Үлгерімі	Сапасы
9	100	83	100	83	100	83	100	83

9-сынып деректерін 83% - бен талдау барлық пәндер бойынша оқу үлгерімі 100% екенін көрсетті. Қазақ тілі -83%; Алгебра – 83%; Орыс тілі - 83%; таңдау пәні (Қазақстан тарихы) - 83%.

2024 жылдың 16 қыркүйек мектепте оқушылар офлайн режимінде тестілеуден өтті. Тестілеудің алдында педагогтар мен ата-аналар арасында жүйелі дайындық, ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Қазақстан Республикасы « Құқықтық актілер туралы» Заңының 56—бабының 1-тармағына сәйкес білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу кезінде бірыңғай тәсілді қамтамасыз ету мақсатында 2022 жылғы 12 қыркүйектегі № 396 «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім беру саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі ережесінің 19-тармағының тармақшасына сәйкес, мектепте компьютерлік тестілеу жүргізілді. Тестілеу кезінде бақылаушы ретінде Департамент қызметкері қатысып, компьютерлік тестілеудің барлық барысы бейне жазбаға түсірілді.

4 сыныпта тестілеу «Оқу сауаттылығы», «Математика сауаттылығы» пәндері бойынша өткізілді.

9 сыныпта тестілеу «Қазақ тілі », «Математика» және тандау пәні «Химия» және «Қазақ әдебиеті» пәндері бойынша өткізілді.

Білім берудің тиісті деңгейінің мемлекеттік білім стандартының талаптарында көзделген жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқушылардың дайындық деңгейінің сәйкестігін анықтау мақсатында өткізілген 4, 9-сынып оқушыларын компьютерлік тестілеу нәтижелері :

№	Сынып	Журнал бойынша оқушылар саны	Қатысқан оқушылардың нақты саны	«5» баға алған саны	«4» баға алған саны	«3» баға алған саны	«2» баға алған саны	Орташа балл	Оң бағалар %
1	4	7	7	1	-	4	2	25,2	71%
2	9	5	5	0	0	3	2	14	60%
		<b>12</b>	<b>12</b>	<b>1</b>	<b>0</b>	<b>7</b>	<b>4</b>	<b>19,6</b>	<b>66%</b>

Құжаттарды (өтініштерді) талдау келесі нәтижені көрсетті:

- 4-сынып оқушыларының тестілеуден өткен барлық пәндер бойынша білімін бақылауға жататын оқушылар тізімінің 100%-ы қатысқан оң жауаптарының үлесі 29%-ды құрайды, бұл рұқсат етілген нормаға сәйкес келеді, яғни. 71% жоғары;
- 9-сынып оқушыларының тестілеуден өткен барлық пәндер бойынша білімін бақылауға жататын оқушылар тізімінің 100%-ы қатысқан оң жауаптарының үлесі 34%-ды құрайды, бұл рұқсат етілген нормаға сәйкес келеді, яғни. 60% жоғары.

Тестілеу нәтижелері бойынша тест сұрақтарына дұрыс жауап берген 4 және 9 сынып оқушыларының дайындық деңгейін бағалау «**жақсы**» деп бағаланады.

**Мектепте оқыту нәтижелері (білім, білік және дағды сапасын бағалау) бойынша, компьютерлік тестілеудің қорытындысы бойынша барлық тестіленетін бағыттар бойынша оң жауаптардың үлесі– 65,7% -ға теңеледі, ол 4 (төрт) деген баллға сәйкес келеді.**

## **8. Білім беру процесіне қатысушылардың және басқа респонденттердің сауалнамасы.**

Респондентер	Барлығы тізім бойынша	Сауалнамаға қатысты	Қатысушылар %	Сауалнама нәтижесі		
				Барлық сұрақтар	Оң жауаптар саны	Оң жауаптар үлесі%
Педагогтар	13	13	100%	15	195	87%
Білім алушылар	12	12	100%	15	180	80%
Ата-аналар (заңды өкілдер)	12	12	100%	17	204	89%

Білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша білім беру процесіне қатысушылардың сауалнамасының нәтижесіне тоқталатын болсақ, білім алушылардың сауалнамасының нәтижесі бойынша көрсетілетін білім беру

қызметтеріне қанағаттанану деңгейі 90,6 % - ды көрсетіп, 5 (бес) деген баллға сәйкес келді.

Педагогтердің сауалнама нәтижесіне тоқталатын болсақ, сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанарлық жауабы 95,6% - ды көрсетіп, 5 (бес) деген баллға сәйкес келді.

Ата – аналардың (занды өкілдер) сауалнама нәтижесінің қорытындысы білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттанатындығы 89 % - ды көрсетіп, 5 (бес) деген баллдық нәтижеге жетті.

## **9. Кемшіліктер мен ескертулер, олардың шешу жолдары**

Ауылдың шалғайда орналасуына байланысты мектептің материалдық -техникалық базасының төмендігі, мектептің тарлығы қиындық туғызады. Балалардың өз бетінше білім алуларына интернет арқылы қосымша ақпараттар алуға мүмкіндік болмады. Қосымша сабақтар өткізуге жағыдай жасай алмаймыз, оқушылар екі ауысымда сабақ оқиды. Физика, химия пәндерінен маман иесі жоқ. Сұраныс жылда беріледі.

Сондай-ақ, педагогикалық кадрларды тестілеу мерзімінің өзгеруімен екі мұғалім педагогтардың білімін бағалау тестілеуінен уақтылы өте алмады. Қазіргі таңда мектебіміздің 8 мұғалімі өз санаттарын көтеруге өтініш білдірді. Өтініш берген мұғалімдердің 6-ы тесттен өтті.

Оқу үлгерімі сапасының төмендеуінің себебі, негізінен оқушылардың оқуға деген қызығушылығының төмендеуімен түсіндіріледі. Осы кезеңде оларға оқу іс - әрекеттерін ұйымдастыру, қосымша әдебиеттер мен интернетті қолдана отырып, материалды өз бетінше зерттеу қиынға соқты. Осыған байланысты осы мәселені шешудің мынадай жолдары белгіленді: мектепшілік бақылау жоспарына білімдегі олқылықтарды жою жөніндегі шаралар енгізілді.

## **10. Қорытынды**

Мектептің өзін-өзі бағалауының қорытындысы бойынша барлық алға қойылған міндеттер ойдағыдай орындалды деп қорытынды жасауға болады. Мектебіміздегі педагогикалық ұжымының жұмысы оқыту мен тәрбиелеудің тиімділігін арттыру жолдарын іздеуге бағытталған. Әдістемелік жұмыс салыстырмалы түрде үздіксіз, тұрақты, күнделікті процесс.

Мектебіміздің оқушылары мемлекеттің білім беру стандартын талаптарға сай орындайды. Пәндер бойынша білім сапасын оқу жоспарына сай талдау барысында әр тоқсан бойынша оқушылардың білім динамикасының өсуін тұрақты түрде көруге болады, бірақ одан да үлкен көрсеткіш үшін мектеп бітіруші түлектермен қосымша қарқынды жұмысты талап етеді.

Аттестаттау материалдарын зерделеу барысында аттестация педагогикалық шеберлікті арттыруға қуатты ынталандыру, жоспарлы түрде, жүйелілік принциптерін жүзеге асыруға негізделі отырып, үздіксіз шығармашылықты бақылау және ынталандыру болып табылады. Барлық құжаттама Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсанындағы № 533 бұйрығымен бекітілген педагог қызметкерлерді аттестациялау ережесіне сәйкес жүргізілген. 2022-2023 оқу жылында 8 мұғалім өтініш беріп, оның 6-уы аттестациядан өтті. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары өтініш беріп, директордың үшінші санатты біліктілігін алды. Мектептің сапалық құрамы 31,25% құрады. 2023-2024 оқу жылында 8 мұғалім өтініш беріп, оның 6-уы аттестациядан өтті. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары өтініш






беріп, директордың үшінші санатты біліктілігін алды. Мектептің сапалық құрамы 31,25% құрады. Педагогикалық ұжымның сапалық құрамы Нормативтік - құқықтық базаға сәйкес келеді, бұл оқу – тәрбие процесін тиімді, нәтижелі жүзеге асыруға, зерттеу жұмысының педагогикалық шығармашылығын дамытумен айналысуға мүмкіндік береді. 2024-2025 оқу жылында 3- мұғалім өтініш берді. Биылғы оқу жылындағы сапалық құрам 25% құрап отыр. Алдағы уақытта педагогтарды аттестатаудың перспективалық жоспарына сәйкес, аттестатауға өтініш беріп сапалық құрамды көтеру алға қойылып отыр.

Сонымен қорытындылай келе, барлық жүргізілген жұмыстың нәтижесін шығара отырып, өзін – өзі бағалаудың қорытындысын «**жақсы**» деп бағалаймыз.

**Комиссия төрағасы:**

Мектеп директоры :  Н.А.Ныгманов

**Мүшелері:**

- директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары:  А.Б.Абдуалиева;
- директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  М.К.Искакова;
- шаруашылық меңгеруші:  Б.А.Альжанова;
- ҰБДҚ жауапты:  А.С.Ахметжанова;
- Білім Ал бойынша жауапты:  М.Т.Кобеева;

### Бағалау парағы

Қарағанды облысы білім басқармасының Қарқарлы ауданы білім бөлімінің  
«№34 негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

р/с №	Бағалау өлшемшарттары	Білім беру ұйымына тиісті өлшеуішті бағалау мазмұны	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	95%	4
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі	88%	4
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	100%	5
4	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің	25%	2

	бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі		
5	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі	25%	2
6	Білім беру ұйымдарының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтар мен және жиһазбен жарактандырылуы	50%-дан төмен	1
7	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13070 тіркелген), 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрықтарына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендермен, оқу және көркем әдебиеттермен қамтамасыз етілуі	100%	5
8	Білім беру ұйымдары сыныптарының толықтырылуының сәйкестігі (сыныптар бөлінісінде)	100%	5



9	Оқыту нәтижелері (білім, білік және дағды сапасын бағалау)	84,5%	4
10	Білім алушылардың сауалнама нәтижелерін талдау	90,6%	5
11	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау	95,6%	5
12	Ата-аналардың (заңды өкілдер) сауалнама нәтижелерін талдау	89%	5
Қорытынды	Өзін-өзі бағалау бойынша қорытынды балл		<b>47 «жақсы»</b>